

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

## Тұсаулесер

Шындығы жоқ, елдік, ұлттық,  
мүддеге тамыр жібере  
алмаған адам ақын ба?

## Көкейтесті

*Е.Олжабай*

**Ана тілі рухы шуағы**

## Проза

*Е.Айғали*

**Шер мен Шел**

## Біздің сұхбат

*К.Айдарбекова:*

"Мемлекеттік тілді  
меңгерген жанның  
мереуі үстем"



## МӘДЕНИ МҰРА



**Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,**  
*Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының  
директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор*

# АЛЫСТАҒЫ АСЫЛ МҰРАМЫЗ

## МАРОККОДАҒЫ ЛӘЗЗАТ

ҚР-ның Мемлекеттік хатшысы 2013 жылы Елбасының тапсырмасымен “Халық – тарих толқынында” атты бағдарламаны қолға алды. Арнайы комиссия құрды. Астанаға еліміздің бірқатар тарихшы ғалымдарын жинап жиналыстар өткізді. Ақылдасты. Осы іске Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты арқылы біраз қаржы бөлінді. Біздің Шығыстану институтының ғылымдары да одан тыс қалған жоқ. Содан шығыстанушыларымыздың бірқатары Монғолия, Қытай, Индия, Иран, Түркия, араб елдерімен қатар Еуропа жұртына да жіберілді. 2013 жылдың жазында мен де Түркияның Стамбұлында болып, атақты Сүлеймания, Баязит, Миллет, Нури Османия және тағы басқа да кітапханаларынан 30 мың беттен астам материал алып қайттым. Осы іс 2014 жылы тағы да жалғасты. Бұл жолы Марокко мен Испанияны таңдадым. Өйткені өткен ғасырдың 1975-1976 жылдары Рабаттағы V Мұхаммед атындағы университетте біліктілік арттырудан өткенмін. Дін қызметінде жүргенде бірнеше рет Испанияда да болғанмын. Осы жұрттардың кітапханалары мен қолжазба қорларында біздің орта ғасырлардағы тарихымызға қатысты біраз құнды дүниелер бар екендігін білгендіктен де тағы да сол елдерге барғанды жөн көрдім.

Кеңестік кезеңде ҚазҰУ-де қызмет істеп жүргенде де Мароккоға бірнеше рет жолым түскен. Бірде студенттерімді араб тілі бойынша біліктілік арттыруға апарсам, келесі жолы Мекнес университетімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында ынтымақтастық жайлы келісімшартқа қол коюды мақсат еттік. Сондай-ақ бір топ жазушылар мен өнер адамдары да осы елде Қазақ ССР-нің мәдениет күндерін өткізгеніміз есімде.

Сонымен 2014 жылдың қыркүйегінде Мароккоға жолға шықтым. Жолай Стамбұлға бір күн аялдадым. Атақты сұлтан Ахмет мешіті жанындағы “Grand Yavuz Hotel-де” бір күн конған соң, ертеңінде Стамбұл әуежайынан Касабланкаға ұшып шықтым. Бес сағаттан соң Дар әл-Байда (Касабланка) әуежайында Рабил әл-Амрани деген кісі күтіп алды. Оған мені қарсы алып Касабланканың солтүстік шығысының 110 шақырымдай жердегі, Атлант мұхиты жағасындағы ел астанасы Рабатқа жеткізу тапсырылған екен.

Касабланкада 25°-тай, күн жылы боп шықты, бірақ бұлтты. Африканың осы ірі шаһары мен Рабат арасына автобан, яғни жаңа күре жол салыныпты. Ол бұрын жоқ болатын. Әуежайдан шығып Рабатты бетке алдық. Ұзамай Мұхаммедия қаласының солтүстік батысына жеткен кезде Атлант мұхиты көрінді. Шалқып жатқан шалқар мұхитты жағалап келеміз. Бұдан көп жыл бұрын V Мұхаммед университетінде оқып жүргенде демалыс күндері Касабланкаға баратынбыз. Онда Рабат пен Касабланка арасында бос жерлер көп еді. Енді арада 39 жыл өткенде ол жерлерге көп үйлер салыныпты.

Жол-жөнекей жыл он екі ай жап-жасыл қалпынан айнымайтын жасыл ағашты орман. Фимараттардың көпшілігі ақшаңқан. Испанияның оңтүстігіндегі бір кездері 7-8 ғасыр арабтар билеген Андалусия аймағындағы үйлер де ақшаңқан-ды. Соған ұқсайтын сияқты.

Шағын қалашық Схират тұсында тағы да мұхитқа жақын жүрдік. Схират туралы «Ежелгі араб елінде» атты 1992 жылы Алматыда «Жалын» баспасынан шыққан кітабымда



жазғанмын. Онда бұрынғы король II Хасанға кастандық жасалғаны бар.

Сонымен Рабатқа да жеттік. “Sofitel” атты мейманхана ел астанасының батыс жағында, Суиси ауданында, шоқ тоғай ішінде екен. Мейманхана ауласы қаптаған пальма. Демалысқа қолайлы. 803 бөлмеге орналастым. 8-қабаттан мұхит жақсы көрініп тұр. Рабаттың да әсем көрінісі де көз тартарлық.

Рабил Амрани қоштасып аттанып кетті. Каирдегі елшіміздің жауапты қызметкерімен хабарластым. Ол Марокконың мәдениет министрлігі сізге көмектеседі деген-ді. Шайпай ішкен соң соларға қоңырау шалдым. Латифа деген келіншек “Мәшине жібереміз, келіңіз, министрлікте кездесейік, ақылдасайық” деді.

Бөлмеге оралсам телефон безектеп жатыр екен. Көтере қойдым.

– Әлеу, ағай, бұл мен, шәкіртіңіз Ләззат қой, – деді арғы жақтан жұмсақ дауыс.

– Қайсы Ләззат?

– Бізді Марокконың Мекнес университетіне тілдік практикаға жіберіп едіңіз ғой. Содан тұздәм осы жерден бұйырып, Марокколық жігітке тұрмысқа шықтым. Осында тұрып жатқаным 20 жылдай болды. Сіздің Мароккоға келетініңіз жайлы Қазақстанның Каирдегі елшілігінен телефон соғып айтқан. Сізді елдің шығысындағы Феске де келеді деп еді ғой.

– Иә, мен әлі әзір Рабаттамын. Бірнеше күндерден кейін Феске де барам. Сендер Рабатта емес пе едіңдер?

– Жок, ағай, біз Фестен 80 шақырым жердегі Тағунат деген кентте тұрамыз. Сізге мен Фестен қонақүйге тапсырыс беріп қойдым. Сізді сол шаһардан қарсы аламыз. Қасымда күйеу балаңыз Рашид тұр. Соған трубканы берейін.

– Бере ғой.

Күйеу бала мені ұстаз, ұстазымыз деп жігіт-жаппар болып жатыр. Ол да Ләззат сияқты Феске келгеніңізден соң сұхбаттасамыз деді. Телефонмен не сөйлесе берейік. Қоштасып трубканы тұғырына қойдым.

Сол күн солай өтті. Тағы бір таң атты. Аспанды торлаған кешегі бұлт сөйліпті. Күн жылы. Таңғы астан соң министрлікке барардан бұрын 2-3 сағат уақытым болғандықтан такси шақырдым да мұхит жағалауындағы Удайа атты ескі қамал жаққа бардым. Мұнда әдеттегідей саяхатшылар көп екен. Топ-топ болып қаптап жүр. Мұхит жағасындамын. Айдын-шалқар мұхит толқып жатыр. Осыдан 39 жыл бұрын сабақтан қол

босаса мұхит жағалауына келіп серуендейтініміз еске түседі. Мұхит солтүстіктен оңтүстікке қарай көлбеп жатыр. Батыс жағы АҚШ, Латын Америкасы. Мұхитқа ұзақ қарадым. Кемелер көрінбейді. Олар жағалаудан алысырақтан өтетін көрінеді.

Қамалға кірдім. Ол сол баяғы күйінше. Ештеңе өзгермеген. Қамалдың қақпалары үлкен. Жазулары да бар. Ішке кірдім. Тар көшелер жан-жаққа тамырдай таралып жатыр.

2013 жылы жазда Испанияның Андалусия аймағындағы Малага қаласында демалдық. Сол жолы орта ғасырларда Испанияның Андалусия өлкесіндегі Кордова халифатының астанасы болған Кордоваға да зиярат еттік. Ондағы IX ғасырларда салынған мешітті, ескі шаһардағы тарам-тарам көшелерді, сан түрлі ғимараттарды көріп, Рабат пен Фесті еске түсіргенмін. Енді Рабатты аралай жүріп, Кордованы көргендеймін. Удайа ішіндегі мешіт пен оның жанындағы әдемі мұнарасын суретке түсіріп алдым.

Қақпадан шыққан соң қайтадан таксиге отырып, ескі қаланы қоршап жатқан алып қорған ішіндегі мадинаға келдім. Мұнда да жиі келетінбіз. Тар көшелердің біріндегі батыстан шығысқа созылған базарды аралап келемін. Киім-кешектің түр-түрлері самсап тұр. Бұл жерге жиі келетініміздің бір себебі, ол кездері Совет Одағында әдемі киімдер бола бермейтін. Шет елге шыққанда оған да қызыға қараушы едік. Мәскеуге қайтарда базарлық ретінде сағыз екеш, сағызды да ала қайтатынбыз. Әй заман-ай десеңізші.

Мадина базары да өзгермеген. Ығы-жығы жұрт. Сәлден соң одан шығып, Рабаттың жаңа бөлігін араладым. Марокко астанасының солтүстіктен оңтүстікке созылған бас көшесі елге тәуелсіздік әкелген V Мұхаммед атында. Рабатты француз сәулетшілері жобалаған деседі. Олар қаланы кішігірім Париж етпек болған ғой. Айтпақшы ұмытып барады екенмін, бұрындары Рабатта трамвай жоқ болатын. Енді қаланы жарып трамвай жүйткіп барады. Ол Алматының ескі трамвайы емес, батыстың, мүмкін Францияның әдемі трамвайылары. Әйтсе де Рабаттан көп өзгерісті байқай қоймадым. Король II Хасанның (1929-1200) тұсында бұл елде Парламент болмайтын. Ал қазір аталмыш көше бойынан әдемі ғимаратты көрдім. Маңдайшасына Парламент деп жазылып қойылыпты. Оның жанында Рабаттың орталық теміржол бекеті тұр. Көше бойлары кафелер. Ресторандар.



Мәдениет министрлігіне келдім. Ол қала орталығының шығыс жағында екен. Онда мені әуелі Заһра аш-Шауки деген әйел күтіп алып, бастығы Латифа атты тағы бір келіншекке ертіп барды. Ол жылы қарсы алды. Өздеріне Египеттегі Қазақстан елшісінен мен туралы хат келгенін, онда маған көмектесу сұралғанын айта келе, қазір министр іссапарда, сізді министрліктің жауапты бас хатшысы Лұтфи әл-Марини мырза қабылдайды деген соң соған бардық. Ол ортадан биіктеу, көзілдірікті, елулерді алқымдап қалған кісі екен. Оған Мароккоға келу мақсатымды айттым. Ұлттық кітапханалары мен қолжазба қорларынан Қазақстан тарихына байланысты жазба дүниелер іздеп жүргенімді мәлімдедім. Қазақстан тәуелсіздік алғалы, өзінің тарихын жаңа көзқараспен жазуға талаптанып отырғанын, сол себепті шет елдерден тарихымызға қатысты ортағасырлық жазба дүниелер іздестіріліп жатқанына тоқталдым. Ол Латифаға маған көмектесуді, машинамен қамтамасыз етуді, Мекнес, Фес қалаларына да апарып, ондағы кітапханалар қорымен таныстыруды тапсырды.

– Ал әлі әзір Рабат кітапханаларын қарап шығыңыз, табылған кітаптар болса министрлік атынан бір-бір данадан сыйлық ретінде алып берейік деді. Лұтфи мырзаның ықыласына қуанып қалдым. Ол азаматқа және жоғарыда айтылған екі келіншекке де Лондонда ағылшын тілінде 2012 жылы шыққан «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздықтың діні» атты кітабымды сыйладым.

V Мұхаммед көшесіндегі «Милениум» атты кітап дүкенінен іздеген кітаптарымның кейбірі табылды. Сонан кейін Заһра бастап Марокконың тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі патшалары V Мұхаммед мен II Хасанның кесенесіне бардық. Ол Рабаттың шығыс жағында, Рабат пен Сала шаһарларын жарып өтіп, Атлант мұхитына қосылып жатқан Бу Регрег өзенінің жағасына таяу көше бойында екен. Кесене ортағасырлық Хасан мұнарасының қасында. Ол жер сілкінгеннен бе, жоқ басқа себептен бе, аман қалған үлкен мұнара мен қаптаған паруаздар маңында. Кесене ішінде V Мұхаммедтің зираты мен оның оңтүстік жағында екі құлпытас жатыр. Біреуі II Хасан, екіншісі ертеректе қайтыс болған – оның бауыры Абдулланың мүрдесі екен. II Хасан патшаны Рабатта оқып жүргенімде талай рет теледидардан, енді бірде Рабатта тәуелсіздік күніне арналған парадта жақынырақ көрдім. Онда осы күнгі патша VI Мұхаммед жас жігіт еді. Қасында 10-

дар шамасындағы інісі Маулай Рашид те болды. VI Мұхаммед қазір 50-ге жақындап қалды-ау шамасы. Кесенеден соң машинаға отырып, Сале қаласын аралап шықтық. Оны да алып дуал қоршап жатыр. Дуалдың Бу Регрег өзені жағалауына жақын жерлерінің біріндегі ежелгі зираттағы тастарда қайтыс болған адамдардың аты-жөні жайлы деректер жазылған сияқты.

Рабаттың жаңа бөлігін де ескі дуал қоршап жатыр. Соның батыс қақпасына жақын жерде V Мұхаммед атындағы университеттің ғимараты тұр. Оның арғы жағы филология факультеті. Бір кездері онда оқығаным еске түсті. Факультетке жақын жерге Марокконың ұлттық кітапханасы салыныпты. Мен оқыған жылдары ол да жоқ еді. Мүмкін ұлттық кітапхана ол кезде басқа жақта болған шығар. Ал қазіргісі әдемі де еңселі. Шығыс маңдайшасына араб және француз тілдерінде «Марокконың ұлттық кітапханасы» деген жазуларды оқыдым.

Бізді қарсы алған кітапхана директорына дайындап ала барған кітаптар мен қолжазбалар тізімін бердім. Оларды ол компьютерден тез-ақ қарап шықты да 50-ге жуық кітаптың базбірінің бар екенін айтты. Бірақ оларды CD-ге көшіріп беретін қызметкерлерінің қазір демалыста екенін айтып қынжылыс білдірді. Енді не істеу керек?

Кейбір кітаптардың әрқайсысы 10-15 томнан тұрады. Ксерокске түсірсе, бірнеше жүз кг болуы мүмкін. «Оны қалай әкетесіз, тіке Қазақстанға емес, әлі алдыңызда Испания, Мәскеу тұр» деген директордың сөзінің жаны бар-ды. Сөйтіп ол да, мен де қиналдым. Кітапханада біраз отырып, каталогтарымен таныстым. Ол жерден ортағасырлық Абд ар-Рахман ибн Халдун (1332-1406) атты Мағрибтың көрнекті тарихшысының “Әл-Мұқаддима” деген 800 беттен тұратын тарихи кітабының арабша, французша нұсқасы табылды.

Заһра машинамен мұхит жағасын серуендейін деген соң сонда бет алдық. Удайя қамалының оңтүстік шығыс жағына туннель салыныпты. Ол да бұрын жоқ еді. Бу Регрег өзенінің мұхитқа құяр тұсы жағажай. Жұрт шомылып жатыр.

Туннельден өтіп мұхит жағасына шығып ек қаптаған зираттарға тап болдық. Одан да өтіп батысты бетке алып келеміз. Екі жақты жол, ерсілі-қарсылы ағылған көліктер. Мұхиттың алып толқындары жағаны соққылап жатыр. Жағалаулардың кей тұстары биіктеу, онда біраз жұрт қармақпен балық ұстап отыр. Балық ұстап демекші Заһра мұхит жағасындағы кафелердің



біріне тоқтап кешкі ас ішуді ұсынды. Кафелерде кісілер көп емес. Біріне кіріп балық сорпасына тапсырыс бердік. Күн мұхитқа батып барады, әдемі көрініс. Енді бірде ол мұхитқа батып жоқ болды. Қараңғылық түсті.

Ұзамай Суиси махалласы арқылы отельге қайтып оралдым. Жол-жөнекей мен осында оқып жүрген жылдарда тұрған Суисидегі студенттер жатақханасын да көрдік. Жатақханалар маңына ауруханалар салыныпты. Қаптаған үйлер. Айтпақшы мұхит жағалауы да бір-біріне жалғасқан үйлер. Осындай үйлерді қаржылы кісілер салып, жалға беретін көрінеді.

Күн жұма. Жұма намазды Рабаттың Сүнна мешітінде оқығанды жөн көрдік. Ол қаланың оңтүстік жағында, орталыққа жақын. Мешіт қасында үлкен мұнара тұр. Ертеректе тұрғызылған сияқты. Өйткені мешіт жаңалау, ал мұнара көнелеу көрінді. Халық көп. Мешіт намазхандарға толды. Ішіне кіріп жұртпен бірге жұма намазын тауысқан соң, меккеге жақын жердегі мейрамханалардың бірінен барып түстендім. Кешке жақын Захра бастап тағы да мұхит жағасына серуендедік.

## МЕКНЕС ПЕН ФЕС ЖӘНЕ ИФРАНДА

Таңертең Фесті бетке алдық. Рабаттың оңтүстік жағына автобан салыныпты. Оны көргенде елімізде салынып жатқан Батыс Қытай, Батыс Еуропа даңғылы еске түсті. Сонымен Марокконың шығысын бетке алып келеміз. Жол-жөнекей шоқ-шоқ тоғай. Ара-арасы жүзімдіктер. Рабаттан Феске дейін Мекнес шаһары бар. Оған дейін 140-150 шақырымдай. Мекнес те Рабат сияқты көне қала. Шамамен 3 миллиондай халқы бар. Мекнес пен Алматы қалаларының басшылары өткен ғасырдың 80 жылдары әріптестік туралы хаттамаға қол қойып, бауырлас қалаға айналған еді. Ол істің басы қасында мен де болғанмын. Хаттамада Мекнестегі Маулай Исмайыл мен Алматыдағы Әбу Насыр әл-Фараби университеттері арасында студенттер алмасу да ескерілген-ді. Сондай-ақ жаз кезінде орта мектеп оқушыларымен де алмасу жоспарланды. Жоспарланып қана қойған жоқ, ол іске асты да. Араб бөлімінің біраз студенттері әр жылдары Мекнестегі университетте біліктіліктен өтіп жүрді.

Мекнеске жақындағанда ұзаққа созылған сайдан өттік. Содан көп ұзамай сол жақта көлбей жатқан жотаға қарай бет алдық. Ол Атлас таулары сілемдерінің бірі болса керек. Аздан соң Мекнеске

жеттік. Қаланың бір бөлігін қоршап жатқан алып қорған басталды. Оны XVII ғасырларда патша Маулай Исмайыл салдырған деседі. Ұзамай оның солтүстік шығыс жағындағы сайды орай өткен соң, қақпадан өтіп ішке кірдік те алаң маңындағы Мансур қақпасына жетіп тоқтадық. Бірнеше автобустармен Еуропаның саяхатшылары келіп, жапа-тармағай әлігі қақпадан ішке еніп жатыр. Біз де сөйттік. Қақпаның ішкі жағындағы бөлмеде қылыш ұстап тұрған Маулай Исмайыл патшаның суреті ілулі тұр.

Захра Маулай Исмайыл әйелдерінің көп болғанын, олардан оның сансыз ұлдар көргенін айтты. Маулай Исмайыл өте қатал болған. Болмашы кінәсі үшін құзырындағыларды аямай жазалап отырған. Ол осы күнгі Марокко патшаларының арғы аталарының бірі Алауи әулетінің негізін қалаған кісі. Осы патшаның кезінде Марокконың мықты әскери теңіз флоты құрылған. Олар Атлант мұхитымен ары-бері өткен кемелерді тонап, адамдарын тұтқынға алып отырған. Тұтқындар үшін жер астынан ұзындығы 7 шақырымға жететін түрме салған. Жер астындағы оған жетелейтін баспалдаққа ілініп ек, қарауыл ма білмеймін, бір кісі келіп, жол көрсету үшін баспалдақпен төменге бастады. Түрме іші кең. Өлгінің айтуынша ол жазда салқын, қыста жылы.

Мекнеске көп аялдамай Феске жүріп кеттік, оған дейін 50 шақырымдай боп шықты. Фес шаһардың солтүстік жағындағы жотаның етек жағында. Ол көне, әрі тарихи шаһар болғандықтан ЮНЕСКО-ның тізіміне кіргізіліп, қамқорлыққа алынған. Мұнда IX ғасырда ашылған әл-Қарауин университеті бар. Ол осы кезге дейін жұмыс істеуде.

Біз Феске қаланың жазық жағынан, яғни оңтүстігіндегі жаңа бөлігі арқылы кірдік. Жаңа шаһардың бас көшесімен жүйткіп келеміз. Кенет оң жағымыздан бізге «тоқта-тоқта» деп қол бұлғағандар көзге түсті. Кідірдік. Сөйтсек олар Ләззат пен Рашид екен. Ләззат Әуезованы 1989 жылдар шамасында Мекнеске аттанар бір топ студенттерге қосқаным есімде. Оларды Мароккоға осы күнгі шығыстану факультеті ұстаздарының бірі Жанетта Сейтметова бастап барды. Содан Ләззат қызымыз елге оралып ҚазҰУ-ды бітірген соң, нәсіп болып артынан іздеп келген марокколық жігітке тұрмысқа шыққан.

Машинаны жол шетіне қалдырып, осы маңдағы “La Villa” деген кафеде шай іштік. Күйеу бала Рашид француз тілінің оқытушысы екен.

– Елге соңғы рет 2010 жылы барып едік.



Сағынып жүрмін елді дейді Ләззат. Өткен төрт жыл ішінде бірінші рет қазақша сөйлесіп отырмын. Біраз сөздерді ұмытқан сияқтымын.

– Ләззат төлқұжат жағы қалай? Марокконың азаматтығын алдың ба?

– Жок. Өз елімнің азаматы болып қала берем. Мароккода Қазақстанның елшілігі де, консулдығы да жоқ. Сол жағы қиын болып тұр дейді қызымыз. Тұрмысқа шыққалы 20 жылдай болды. Үш қызымыз бар. Бірінің аты Маруа, екіншісі Наджуа, үшіншісі Салуа дейді қыздарының аттарын атаған Рашид. Өзі ақжарқын екен.

Үлкен қыздары қазір Рабаттағы жоғары оқу орындарының бірінде дәріс алуда. Рашид университетті бітірген жылы білім министрлігі оны Сахара жаққа, алыс бір аудандарға жіберіпті. Онда олар біраз тұрған. Қазір Рашид Фес шаһарынан 80 шақырым жердегі бір қалада (Тағунатта) ұстаздық қызметте. Құдайға шүкір ұжымы және шәкірттері арасында абыройлы дейді Ләззат.

– Елмен хабарласып тұрасыңдар ма?

– Телефон және скайп арқылы сөйлесіп тұрамыз. Алматыға қайта-қайта бара беруге де мүмкіндік жоқ. Алматыдан Стамбулға дейін 6 сағат, Стамбулдан Касабланкаға дейін 5 сағат. Касабланкадан Феске дейін 250 шақырымдай дегендей.

– Мароккода сенен басқа, осы ел азаматтарына тұрмысқа шыққандар бар ма?

– Бар. Бір қыз Алматыдағы архитектура университетін бітірген соң Марокколық бір жігітіне тұрмысқа шыққан. Ол Сахара жақтағы әл-Аюн деген қалада.

– Перзенттерің Қазақстанда болды ма?

– Иә, болды. Алматыны аралады. Мамам Талдықорған жақтан ғой. Онда да болды. Мен өзім Отырарданмын. Ол жақта да болды.

– Иә, Арыстанбапты, жолай Таразды, сонан соң Отырар, Түркістанды көрдік дейді Рашид әңгімеге араласып.

– Пойызбен бардыңдар ма?

– Жок, машинаны жөн көрдік.

Ләззаттың отаны жиендеріне ұнады дейді Рашид үстеп қойып.

– Қыздарымыз Қазақстаннан қайтарда нағашыларымен жылап қоштасты дейді Ләззат. Рашид екеуміз тұрмыс құрып, оның ата-анасымен бірге тұрып жатқанда, мен университетте араб әдеби тілін оқығандықтан, ал марокколықтар көбінесе диалектіде сөйлейтіндіктен біраз

қиналдық дейді Ләззат. Қазір тіл жағынан ешқандай проблема жоқ.

Сыртқа шығып Ләззат, Рашид үшеуміз суретке түстік.

– Ана тілімді де сағынып қалыппын дейді Ләззат.

Ескі қалаға кірдік. Оның тар, жықпыл-жықпыл көшелерін аралап келеміз. Екі жағы бір-біріне жалғасқан дүкеншелерден өтіп батысты бетке алдық.

Фестің онсыз да тар көшелерімен қашыр, ат, есекке жүк артып, жол беруді сұрап келе жатқандар ұшырасады. Кішкентай шағын дүкендеріне кіруді өтініп, алдында отырғандар бізге бұл кім, қандай халық өкілі дегендей таңдана қарасады. Осындағы сауда арқылы байығандардың кейбірі жаңа қала жаққа коттедж, виллалар салып көшіп жатқандары да бар екен.

Көшенің сол жағындағы ғимараттан Аттар медресесі деген жазуды көзім шалды. Тақтаға арабша, французша медресенің тарихы жазылып қойылыпты. Азан шақырылды. Шам намазы болып қалған екен. Тиджани деген жазуы бар мешітке кіріп, ақшам намазын оқыдық. Одан шығып сәл ілгері жүріп ек, алдымыздан атақты әл-Қарауин мешіт-университеті шықты. Өңдеу-жөндеуден өткендіктен бе, жаңарғаны байқалады. Еденге қызыл-қоңыр түсті кілемшелер төселіпті. Азан шақыратын биік мұнара батыста тұр. Тарихи мешітке кіріп әуелі сәлем намазын оқыдық. Соңыра тарихи қаланы тағы біраз араладық та мейманханаға оралдық. Ләззат пен Рашид көп ұзамай қош айтысты. Ләззат қарындасымыз елге сәлем айтыңыз дейді көзі жасаурап.

– Ешқашан, ешқандай жағдайда азаматтығыңнан айырылма, – дедім оған.

Айтпақшы, түсте мейрамханадан шыққан соң Ләззатқа «Ислам – религия мира и созидания» атты кітабыма төмендегідей қолтаңба жазып бердім.

*«Алыста елін сағынып жүрген шәкіртім Ләззатқа қайда жүрсе де Алла тағала жар болсын деген игі тілекпен автордан. Марокко. Фес. 6.IX – 2014».*

Күйеу балаға: *«Шәкіртім, қызым Ләззатқа көздің қарашығындай қарап, сыйлап, мәпелейді деген сеніммен автордан естелікке»* деп жаздым. Оны Ләззат (арабшалап) лезде Рашидке оқып берді. “Көздің қарашығындай” деген сөздерді естіген ол Ләззатқа көзінің қарашығындай қарайтынын қолымен көзін сипап білдіріп жатты. Сөйтіп алыста елін сағынып жүрген әрі шәкіртім, әрі қызымдай Ләззатпен кимай қоштастым.



Айтпақшы әл-Қарауин мешіт-университетінің батыс жағындағы мұнараның астыңғы жағына тақау тұс өрнекті ағашпен қоршалыпты. Өйткені онда бір кездері әлемге әйгілі, атақты ғалым, социолог, тарихшы, философ Абд ар-Рахман ибн Халдун (1332-1406) шәкірттерін жинап сабақ өткізді екен. Ол жалпы Ақсақ Темірмен (1336-1405) тұстас. Тунис қаласынан оның ескерткішін көргенмін.

Сонымен Фестің алғашқы күні аяқталуға жақын. Ертеңіне күн жексенбі болғандықтан бөлмеде, жазуларымды реттеп жатқанымда Рашид телефон соғып, мені әл-Қарауин университеті кітапханасы мен қолжазба қорының меңгерушісі қабылдауға, кездесіп сұхбаттасуға келісім бергенін айтты. Заһра екеуіміз әл-Қарауин университетіне тағы да бардық. Кітапхана университеттің оңтүстік орамдарының бірінде боп шықты. Қызметкерлерінің бірі бізді сыртта күтіп тұр екен. Ертіп ішке кіргізді. Онда өзін Абд әл-Фаттах Бакшуф деген кісі келіп сәлем берді. Кітапхананың тарихымен таныстырды. Қолжазбалар қоры жоғарғы қабатта боп шықты. Әуелі ертеректе хатқа түскен қасиетті Құранның көшірме нұсқасы, Ибн Туфайлдың (?-1185) «Хайй ибн Йақзан», Ибн Руштын (1126-1198) философиялық және басқа да бағалы қолжазбаларын көрдік. Директор мырза кейбір қолжазбалардың көшірмесін беруге әзір екенін айтқанымен, «оған біраз уақыт керек» деген соң Абд әл-Фаттахқа электронды адресімді бердім. Ол бірнеше қолжазбаларды жіберуге уәде етті.

Әл-Қарауин мешіт-университеті ертең қыркүйектің 8-нен реставрацияға жабылады деген соң Фестен 100 шақырымдай жерде, таудағы Ифран қаласын да бара кеткенді жөн көрдік.

Университет мұнарасынан азан шақырылды. Ақшам болып қалыпты. Ғибадатты бітіргеніміз сол еді, телефон безектеп қоя берді. Бұл кім болды екен деп трубканы тұғырынан көтере қойдым.

– Ағай, бұл мен ғой, Ләззат. Университет кітапханасына бардыңыз ба? Керек дүниелеріңізді таптыңыз ба?

– Иә, болдым. Біраз құнды қолжазбалар бар екен. Бірнешеуін директор мырза Алматыға мейл-румен жіберем деп уәде етті. Көрейік. Мүмкін уәдесін орындар. Өздерің қайдасындар?

– Біз Рабат жанындағы Сале деген шаһардамыз. Үлкен қызымызға пәтер іздейміз дедім ғой. Сол мәселемен жүрміз. Екінші қызымызды да Рабатқа жайғастырсақ па дейміз. Кішкентайын да мектепке дайындау керек. Қыркүйек айы

басталды емес пе. Ал сапарыңыз көңіліңізден шықты ма? Тағы қандай мұқтажыңыз бар?

– Рахмет айналайын. Мен үшін әуре болмаңдар. Іздегендерім негізінен табылып жатыр. Өзіңнің елге тағы бір бару жағы қалай?

– Төлқұжатымның мерзімі келесі жылы аяқталады. Сол себепті Анкараға барып, сондағы елшілігімізден жаңа төлқұжат жаздырып алсам ба деймін. Осы сәтті пайдаланып Стамбұлға Алматыдан мамам да келсе деген ойдамыз. Алла сәтін салса.

– Мейлі айналайын. Қайда жүрсең де Алла амандығын берсін. Бақытты бол жаным. Айтпақшы күйеу бала Рашид маған ұнады. Ақкөңіл, аңқылдақ жан көрінді.

– Иә, сіздің мен туралы тілегіңізге ол әдемі жауап берді емес пе?! Ләззатқа көзімнің қарашығындай қараймын деді ғой. Мен де солай деп ойлаймын.

– Ләззат мені ойлап әбіржімендер. Мен 9-қыркүйекте Рабатқа тоқтап, бірнеше кітап дүкендерін тағы да бір қарап шыққан соң, әрі қарай Касабланкаға барам да, 11-қыркүйекте Мадридке ұшам. Ондағы елшілік қызметкерлері күтіп отыр.

– Тағы келіңіз Мароккоға. Бұл жолы Маракешке бара алмадыңыз ғой.

– Иә, Ләззат қарағым. Ат бір баспаймын деген жерін үш басады деген. Алла сәтін салса келерміз. Ал енді хош болып тұр. Кездескенше күн жақсы.

Қайтсін! Тағы бір тілдесіп қалайын деген ғой Ләззат айналайын. Аман бол қарағым, аман бол дедім тағы да қоштасып.

Түн түндігін түсірген сайын Фестің шамдары жарқырап көбейе бастады.

Таңертең Ифранға жүріп кеттік. Ол Орта Атлас таулары жоталарының бірінде, Фестен 60-65 шақырымдай жерде екен. Сөйтіп Оңтүстікке созылып жатқан жаңа Фесті артқа тастап Ифранға бет елдік. Жол-жөнекей алма, жүзім плантациялары жарысып отырды. Ара-арасында алоэ да ұшырасады. Сәлден соң жол жота беткейіне өрмелей бастады. Ұзамай жолдың екі шетіне жайғасқан шағын кентке жеттік. Жол бойындағы кафеде шай, кофе ішіп отырған жұрт. Енді бірде олар да артта қалды. Бір қызығы төбеге өрмелеп биіктеген сайын зәйтүн ағаштары көбейе бастады. Онымен жарысқан алма бақ.

Ұзамай Ифранға жеттік. Оны орман ішінде деуге болады. Алыстан мен-мұндалай көрінген шаһар Атлас таулары жоталарының бірінің төбесінде боп шықты. Әдемі, курортты қалашық екен. Виллалар. Мұнда саяхатшылар да жазда көп ке-



легін көрінеді. Жазда дегенім, қыста Марокко Африкада жатқанымен, Атлас тауларына қар жауатын көрінеді. Күн 10-15°-дейін суытады. Бірақ тау етегіне дейін түскен қар ұзамай еріп, күн жылынады екен. Ифранда король VI Мұхаммедтің да саяжайлары бар көрінеді. Ол мұнда жазда да, қыста да ат ізін салып тұратын сияқты.

Заһра бірте-бірте маған үйренген соң өзінің араб емес бербер екенін, берберлердің арабтар Мароккоға VIII ғасырға келгенге дейін осында тұрған негізгі әрі байырғы халық екенін айта бастады. Өз тілін білетініне мақтанатын сияқты. Бірақ Мароккода арабтар және берберлер, гнауилер (гвинеялықтар) болып бөліну жоқ. Шынында да солай. Өйткені жікке, ұлтқа бөліну ешкімге де тиімді емес. Соңғы жылдары Батыс Еуропа ғалымдары берберлердің ежелгі өз жазулары болғанын, олардың арабтардан кем еместігін айтып та жүр. Мұнда бір мән бар сияқты.

Сонымен Ифранды біраз араладық. Тоқтап әдемі жерлерінде суретке де түстік. Ұзамай тау жоталарынан төмен түсіп Ифранды артқа тастадық. Қайтадан Фесті бетке алдық. Оң жағымызда әуежай қалып барады. Содан түске таман Феске қайтып оралдық.

Кешке таман Каирдегі елшілігімізден Марат деген жігіт телефон шалып, хал-жағдайды сұрады. Мен іссапардың ойдағыдай өтіп жатқанын айттым. Каирдегі елшілігіміздегі інілеріме риза болдым. Менің қамымды жеп, бәйек болып жатқанына қалай риза болмассың. Марат Касабланкадан мейрамханаға тапсырыс беріп қойғандарын хабарлады.

Ертеңіне таңертең Фестен аттанып кеттік. Даңғыл жолмен зымырап келеміз. Оның екі шеті де зәйтүн ағаштары. Содан ол Мекнеске жеткенше үзілген жоқ. Жоғарыда Алматы мен Мекнес қалаларының бауырлас қалаға айналғанын, сол себепті Мекнес көшелерінің біріне Алматы, Алматы көшелерінің біріне Мекнес аты берілгенін айтқанмын. Мекнестегі Алматы көшесін бұрынғы сапарларымның бірінде көрдім де. Осы жолы да көре кетейін деген оймен даңғылдан бұрылып Мекнеске тарттық.

Алматы көшесі Мекнестің Маулай Исмайыл салдырған қамалының солтүстігіндегі сай үстінде болатын. Издедік. Бірақ ол жерді ұмытыңқырап қалғандықтан ба бірден табыла қоймады. Ары-бері ұшырасқан жүргіншілерден де сұрастырып ек, ол да нәтиже бермеді. Сосын жол шетіндегі полицейден сұрауға мәжбүр болдық. Ол жол сілтеді. Әлгі сайдың шығыс жағынан

көтерілер жердің оң жағында тұрған бір ғимарат қабырғасына арабша, орысша Алматы көшесі деп жазылып қойғаны көзге түсті. Оған 30 жылдай болғандықтан ба көне тарта бастапты. Жазуға қарап біраз тұрдық. Өткен-кеткенді еске алдық, сонан соң ілгері жүрдік. Алдымыздан Мекнес полиция департаментінің бөлімшесі шықты. Сол жағымыз көрме өтетін жер. Тіке жүріп, сонан соң солға бұрылып едік оң жағымыздан француз тілі университеті көрінді.

Сәлден кейін Мекнесті де артқа тастадық. Жол-жөнекей кейбір плантацияларға қауын егіліпті. Піскен кезі болса керек. Бақшада сап-сары боп жатыр. Алдымыздан енді бірде Хамиссат деген шаһар қол бұлғады. Шағын шаһар үйлерінің ара-арасынан төрт бұрышты мешіт мұнаралары байқалады. Марокко мешіттерінің мұнаралары Андалусиядағы сияқты төрт бұрышты.

Салеге келіп қалыппыз. Заһра мәдениет министрлігіне кіріп шығайын деген соң, министрлік алдына келіп тоқтадық. Ұзамай Заһра бір кісімен оралды. Елулерді еңсерген азамат министрлік департаменті бірінің директоры Бу Якуб екен. Амандасты.

– Сіз Фестен Рабатқа оралды деген соң әдейі сәлемдесейін деп шықтым. Қалай жақсы барып қайттыңыз ба, сапарыңыз сәтті болды ма деп ол жалпылдап жатыр.

– Фес пен Ифранда жүргеніңізде Қазақстан елшілігінен телефон соғылып сапарыңызға қамқорлықпен қарауды өтініп еді. Соған байланысты өзім де Сіз Рабатқа оралған соң, танысып амандасып қалайын дедім дейді ол.

Ұзамай Касабланкаға жүріп кеттік. Мұхит жағасымен заулап келеміз. Қарнымыз да ашты ғой деймін. Бузника деген кентке тоқтап, сондағы мейрамханалардың біріне түстенген соң, ұзамай Касабланкаға жеттік. Ол Африкадағы Каирден кейінгі үлкен қалалардың бірі. Оң жағымыз үлкен порт. “Le Palace d’Anfa hotel” деген мейманхананың 803 бөлмесіне жайғастым. Каирдегі елшілік осы отельден орынға тапсырыс беріп қойған екен.

Заһра ертең келем деп Рабатқа қайтып кетті. Кешке жақын такси ұстап портқа жақын жердегі мадинаға тарттым. Ескі махалланы араладым. Касабланкада Африканың ішкері жағынан келгендер жеткілікті екен. Өз елдерінде жұмыс болмағандықтан, әрі күнкөріс мәселесі де қиындағандықтан тек африкалықтар ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Африкадағы Алжир, тунистіктердің де Еуропаға ағылуда екені





белгілі. Әсіресе ішкі африкалықтар Марокко, Туниске жетіп, әрі қарай шағын қайықтар жалдап Италияның шеткі аралдарына жетіп, әрі қарай Францияға баруға тырысады. Ал онда жетсе жақсы, жетпей суға кетіп жатқандар қаншама.

Касабланка көшелері мен базарларынан осындай африкалықтарды кездестірдім. Кейбірі сауда-саттықпен айналысуда. Көп болған соң ұрлықты кәсіп ететіндер де баршылық көрінеді.

Касабланканың біраз кітап дүкендері мен қолжазба қорларын көріп шықтым. Солардың бірінен Әбу Райхан әл-Бирунидің (973-1048) кітабы мен әл-Маққари ат-Тилимсанидің (1590-1632) Орта Азия және Тараз перзенттері жайлы мағлұматы бар 6 томдық еңбегін ұшыраттым. Сонан соң, мұхит жағасындағы II Хасан (1929-2000) салдырған үлкен мешітке келдік. Мароккоға 90-жылдары келгенімде оған да соғып кеткен едім. Онда мешіттің едені жасалып жатқаны есімде. Сөйтіп 1986 жылы құрылысы басталған мешіт 1993 жылы үлкен салтанатпен ашылыпты. Ол кезде II Хасанның тірі кезі. Ол 2009 жылы дүниеден өткен.

Мешіт дәл мұхит жағасында. Мұхит суы іргесіне соғып жатыр деуге болады. Мешіт тек намаз кездерінде ғана ашылады екен. Басқа уақыттары жабық.

Менің кім екенімді айтқан соң, мешіттің жауапты қызметкерінің бірі ішке бастады. Аралап жүрміз. Алла тағала үйі шыңында да керемет. Іші қоңыр салқын. Кірген соң екі ракат сәлем намазын оқыдым. Хасан II-нің ғажайып мешітінің орта тұсында, қабырғаға патшаның ата-тек шежіресі өрнектеліпті, яғни оның пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы Фатима анамыз бен Әли ибн Әбу Талибтің Хасан, Хүсейн атты ұлдарының ішінде, Хасаннан тарайтыны көрсетілген. Ал Хүсейннен Иордания Нашимид королінің патшалары Хүсейн мен II Абдолла тарайды.

Мешіт жанында бірнеше фондтар мен кітапхана да бар боп шықты. Кітапхана қорымен танысып шықтым. Одан бірақ маған қажет кітаптар табыла қоймады. Сонан соң қор қызметкері бізді Касабланкада Сауд Арабия Корольдігі салған кітапханаға бастады. Қызметкері біраз сұрақтар қойып, сауалнама толтыртқан соң кітапханаға кіруге рұқсат етті. Бірақ одан да Орта Азия мен Қазақстанға қатысты деректер кездесе қоймады.

Таңертең ертерек тұрып әуежайға келдім. Халық көп. Мен 40 келідей 2 коробка кітап алған екенмін. Жүк тиісті мөлшерден асып кеткендіктен біраз қаражат шығаруға тура

келді. Сонымен түскі 12-де Касабланкадан яғни Африкадан Еуропаны бетке алдық. Ұшағымыз Атлант мұхитының Жерорта теңізінің бір-бірімен қосылатын тұсындағы Гибралтардан да өтіп, Испания жағалауынан жеткен соң Мадридке бұрылды. Сонымен 1 сағат 20 минуттай ұшып Испания астанасына жеттік.

Мароккодан Қазақстанның тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне, руханият мәселесіне қатысты төмендегідей кітаптар алып қайттым:

1. Тақи ад-дин бин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-дари әл-Ғаззи әл-Мисри әл-Ханафи. Ат-Табақат ас-санийа фи тараджил әл-Ханафийа. Әл-Рияд 1983, 4 том.
2. Ибн Баттута. Тухфат ан-назар фи ғараиб әл-асар уа ғаджайб әл-асфар. Бейрут 1964.
3. Ибн Халдун. Мұқаддима. Каир 1936.
4. Ихуан ас-сафа. Расаи-л ихуан ас-сафа. Бейрут 1975.
5. Әл-Маққари ат-Тилимсани. Нафх ат-тиб мин гусн әл-Андалус ар-ратиб. Бейрут 1968.
6. Әл-Бируни. Әл-Джамаһир фи мағрифат әл-джауаһир. Бейрут 1960.
7. Ас-Сағалиби. Йатимат ад-даһр фи махасин аһл әл-аср. Бейрут 1973.

### ЭСКУРИАЛДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БҰЗАУ ТЕРІСІНЕ ЖАЗЫЛҒАН ТРАКТАТТАРЫ МЕН САЙРАМДЫҚ ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

Испанияға бұрынырақ келгенімде әуежай басқалау еді. Қазір Мадридке бірнеше қабатты жаңа, еңселі де зәулім әуежай салыныпты. Ол осы елдің қуаттылығын да байқатып тұрғандай. Мені елшілігіміздің бірінші хатшысы Ринат Дүйсенбаев деген азамат қарсы алды. Екеуміз Испания астанасын бетке алдық. Қала тап-таза. Жасыл орман ішіне еніп кеткендейміз. Шаһардың бас көшелерінің біріндегі “Hotel Miguel Anghel” атты бес жұлдызды мейманхананың 217 бөлмесіне жайғасқанша түс қайтып қалды. Ринат Қазақстанның Испаниядағы елшісі Бақыт Дүйсенбаевтың мені кешкі 17-де қабылдайтыны туралы мәлімдеді. Елшілік орналасқан жер де Мадридтің жасыл аймағында екен. Ұзамай сонда келдік.

Бақыт Дүйсенбаев Петропавлда туылған. Мәскеудегі Ломоносов атындағы университеттің тарих факультетін бітірген. Ұшырасуда Марокко сапары жайлы әңгімеледім. Ендігі мақсат Эскуриал кітапханасы қорымен танысу. Одан



тарихымызға қатысты бимағлұм дүниелер шығып қалуы мүмкін екенін айттым. Бақыт тарихшы болғандықтан Эскуриал кітапханасы туралы біледі екен. Иссапарым жайлы кітапхана директорына хат жазып, көмектесуді өтінгендерін, олардың келіскендерін, күтіп отырғандарын мәлімдеді.

Елшілікте есепші болып істейтін Бақытгүл қарындасымызды көрдім. Ол жұбайым Рафия Бәкірқызының шәкірттерінің бірі еді. Рекең Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне қызметке еліміз тәуелсіздік ала салысымен шақырылды. Министрліктің есеп-қисап жағын басқарды. Рекең осы саланы қазақтандырды. Ұлтымыздың бірқатар талапты қыз-келіншектерін қызметке алдырды. Валюта-қаржы бөлімін құрып, оған біраз жыл басшылық етті. Мен 1997 жылы Сауд Арабиясы Корольдігінде жаңадан ашылған елшілігімізге қызметке жіберілгенімде Қасым-Жомарт Тоқаев Рекеңді де онда есепші етіп жіберді.

Сонымен, Бақыткүл, Ринат үшеуіміз әуелі Испания астанасындағы тарихи жай – Мадридтегі Испания Королі Хуан Карлостің патшалар сарайын тамашаладық. Корольдің өзі қазір онда тұрмағанымен, ресми қабылдаулардың бәрі сонда өтеді екен. Нұрсұлтан Әбішұлын да Хуан Карлос осы резиденциясында қабылдапты. Зәулім сарайды біраз араладық. Испан патшаларының тарихи мекен-жайы кімді болса да әрине қызықтырмай қоймас, ішінде Испания тарихынан мағлұмат беретін біраз құжаттар бар. Майлы бояумен салынған суреттер де жетерлік.

Одан шыққан соң елшілік менің Испанияға зияратыма орай Мадрид мейрамханаларының бірінде қонақасы берді. Қарындасымыз Рекеңе риза. Сол кісі мені қызметке алдырып, жауапты іске тартып еді. Енді міне қазақтың мен секілді талай қыз-келіншектері әлемнің түкпір-түкпірінде ашылған елшілігімізде өз саласы бойынша абыроймен қызмет етуде дейді ол.

Мейрамханада әңгімелесіп біраз отырдық. Сонан соң отельге қайтып оралдым. Өйткені таңертең Мадридтен 50-60 шақырым жердегі Эскуриал қаласына жолға шығу керек.

Таңертең Ринат екеуіміз Мадридті аралай отырып, солтүстік батысты бетке алдық. Тақтайдай даңғыл жолмен зымырап келеміз. Жол кең де жайлы. Ол сегіз қатарлы болса да көліктерде хисап жоқ. Ерсілі-қарсылы ағылған сан түрлі машиналар. Жол бойы жасыл ағаштар. Дарақтар дегеннен шығады олардың көпшілігі Мароккодағыдай зәйтүн ағашы. Өйткені Испания

зәйтүнді экспорттау бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірінде.

Ұзамай көкжиектен жасыл жота көрінді. Эскуриал соның етегіндегі шағын қала боп шықты. Тар да жықпыл-жықпыл көшелермен биікке қарай өрлеп келеміз. Алдымыздан үлкен қамал көрінді. Машинаны жол шетіне қалдырып, сонда бет алдық.

Алып қамалдың күзеті де мықты боп шықты. Кім болса соны кіргізе бермейді. Тексеруден соң жоғары қабаттардың біріне көтеріліп ек, алдымыздан үлкен зал шықты. Оның ұзыннан ұзаққа созылған төбедегі күмбезінің асты Інжіл сюжеттерінен алынған майлы бояумен салынған суреттер. Одан да өтіп ек, алдымыздан оқу залы көлденеңдеді. Онда ғалымдар компьютермен жұмыс істеуде. Кітапханада орта жастардағы Хосе Луис дел Валес деген кісі бізді осы алды.

– Иә, Қазақстан елшілігінің хатын алғанбыз. Көмектесеміз. Бізде арабтіліндегі ескі қолжазбалар көп. Бірақ Орта Азияға байланыстылары аздау-ау деймін. Испанияның Андалусия өлкесін 711 жылдан бастап 1492 жылға дейін арабтар билегені, Испанияда Кордова халифаты болғаны белгілі. Кордовада 830 жылдары салынған зәулім мешіт қазір де тұр. Севильядан да қамал, мешіт пен олардың биік мұнараларын көресіз. Гренада ше? Ол туралы біраз әңгімелеу керек. Осындай қалалардан көптеген Гарнати-Гранадалық, Ишбили-Севилиялық, Куртуби-Кордовалық, Тулайтили-Толедолық атты т.б. көптеген ғалымдар шыққан. Олар қалдырған сандаған жазба мұраларды әлем ғалымдары әлі зерттеуде. Біздің қолжазба қорымызда сөйтіп Орта Азиялықтардан гөрі Мағрибтық (Тунис, Алжир, Марокко) және Андалусиялық ғалымдардың дүниелері жиірек ұшырасады. Мен араб тілі мен әдебиеті және исламтанудың маманы емеспін. Ол жайлы Қазақстандық қонақ менен жақсы білер. Іске сәт. Бізден еш кедергі болмайды – деді Хосе Луис мырза.

Мен Эскуриалда орыс, яки араб тілін білетіндер бар ма деген сұраққа білмейтіндігін айтты. Ол сондай-ақ «Әбсаттар Дербісәлі мырза менің білуімше Испанияның Эскуриал кітапханасына келген алғашқы қазақ ғалымдарының бірі. Қазақ оқымыстысының бізге келе алуы тәуелсіздіктерінің арқасы деп ойлаймын» деді. Шынында да солай-ау.

Ринат жолдан шаршап келдініз. Бүгін демалсаңыз қайтеді дегенімен уақытты босқа өткізбейін деп шежіре қала мен ондағы кітапхана



тарихымен таныса бергенді жөн көрдік те, әуелі Эскуриалшаһарын жаяу араладық. Аләлгі қамалда суретші De El Bosco а Тизіні көрмесі өтіп жатыр екен. Үлкен бөлме толған сурет. Назарымызды аударған XIII-XV ғасырлардағы испандықтар мен андалусиялық мұсылмандардың шайқасы болды. Мұсылмандар сәлделі. Қолдарында қылыш. Көбсінікі найза. Андалусия үшін шайқастардың бірінде Кордова, Севилья испандықтардың қолына қайта өтті. Мына сурет-те соған қатысты сияқты. Оның көлемі өте үлкен. Полотноның ұзындығы шамамен 30 метрге жететін сияқты.

Испан Корольдерінің майлы бояумен малынған суреттері де қамалда ұшырасты. Монастырда ұзақ ғасырлар Испан патшалары тұрған. Олардың түрлі елдердің елшілерін қабылдайтын бөлмелері, тақтары, жатын, ас бөлмелері, ыдыс-аяқтары, түрлі елдердің патшалары берген сыйлары бәрі-бәрі сақтаулы тұр. Сонан соң қамалдың астыңғы бөлігіне түстік. Онда Испанияны әр жылдары, ғасырлары билеген патшалардың табыттары қойылыпты. Табытта олардың денелері сақталған шығар деп ойлап едік. Сөйтсек денелері өртеліп, мұнда тек күлдері ғана сақталуда екен. Келесі бөлмеге корольдер емес, патшазадaların табыттары қойылыпты. Сөйтіп Эскуриал монастырынан талай тарихи жәдігерліктерді көрдік.

Одан кейін монастырдан 100-150 метрдей жердегі “Victoria Palace” атты қонақүйдің 211 бөлмесіне жайғастым.

Кітапхана күн сайын таңертеңгі сағат 10-да ғана ашылады екен. Барсам Хосе Луис дел Валес мырза Эскуриал кітапханасы қолжазбалар қорында бар дүниелердің каталогын үстеліме қойып қойыпты. Каталогтар 1884 жылы жасалыпты. Бірқатар томдар француз, ал кейбір қолжазбалардың сипаттамалары испан тілінде. Керектерін уақыт өткізбей дәптеріме жазып ала бастадым. Әуелі Орта Азиялық авторлардың қолжазбаларын көшіруге кірістім. Мысалы Абдалла бин Мұхаммед әл-Убайд әл-Фарғанидің “әл-Идах фи шарх әл-мисбах” атты еңбегі. Одан кейін Мұстафа Ақсақали ан-Нақшбандидің (1175-1761) жазба мұрасын хаттадым.

Сонан соң Әли бин Мұхаммед әл-Баздауидің (1009-1089) “Канз әл-усул ила мағрифат әл-усулы” дәптерге түсті.

Қолжазба қорынан мауараннаһырлық Наджм ад-дин Әбу Хафс Умар бин Мұхаммед ан-Насафидің (1068-1142) де туындыларын көрдім. Ол “Шарх әл-кууағид ан-Насафия” атты еңбектің

де авторы. Сондай-ақ тағы бір Хафиз ад-Дин ан-Насафи әл-Ханафидің (? – 1310) “Китаб әл-умда фи усул ад-дин” атты трактатын байқадым.

Орта Азиялық ғалымдар ішінде әсіресе ат-Тафтазани (1322-1390) мен ас-Саккаки (1160-1229) атты орта ғасырлық ғалымдардың туындылары жиі ұшырасты. Каталогтағы 103, 107, 118, 163, 179, 181, 183 номерлі қолжазбалар сол кісіге тікелей қатысты екендігін айтқан жөн.

Осы ретте Орта Азиялық осындай ойпаздар ішінен аталмыш ас-Саккаки мен ат-Тафтазаниге қысқаша болса да тоқтала кетейін.

Әбу Йакуб Сирадж ад-дин Йусуф бин Әбу Бакр бин Мұхаммед бин Әли әл-Хорезми ас-Саккаки һижраның 555 жылының джумада әлаууал айының 3 күні (11 мамыр 1160) Хорезмде дүниеге келіп, һижраның 626 жылында (1229 жылдың маусым айының ортасында) Ферғана аймағындағы Алмалыққа жақын жерде дүниеден өткен. Көзі тірісінде-ақ ол атакты оқымысты деген даңққа бөленген. Ол туралы араб тарихшысы Йакут әл-Хамауи ар-Руми (1179-1229), Ибн Құтлұбұға (1399-1474), Әбу-л Уафа әл-Қураши (1297-1373), Абд әл-Хайй әл-Лакнауи (1848-1886), Әбу-л Фадл Джалал ад-дин ас-Суйути (1445-1505) секілді көрнекті оқымыстылардың деректері бар. Солардың жазуларына қарағанда Әбу Йакуб жас кезінде әуелде темір ұстасы болған. Ғылым жолына ол отыздан асканда түскен. Садуд ад-дин әл-Хайати және Махмуд әл-Марузиден тағлым алған. Сарф (синтаксис), наху (грамматика), байан, аруд (метрия), сондай-ақ фикһ (заңнама), усул (ислам негізі), қалам (ислами илаһият ғылымы), фалсафа (философия) саласы бойынша еңбектер жазған.

Ас-Саккакиден де дәріс алғандар бар. Солардың ішінде ханафит ғалым Мұхтар бин Махмуд аз-Захидиді атаған жөн. Ас-Саккаки Хорезмді Шыңғыс хан жаулап алған тұста өмір сүрген. Соңыра ол моңғолдармен тіл табысып, олардың қадір құрметіне бөленген. Әсіресе Шағатай ханның досы және сұхбаттасы болған.

Оның еңбектері:

1. “Мифтах әл-улум”. Ғалымның бұл дүниесі Ливан астанасында [Бейрут 2000] доктор Абд әл-Хамид һиндауидің дайындауымен жарық көрген.

2. Шарх әл-джумал. Ол Абд әл-Қаһир әл-Джурджанидың “әл-Джумал” атты еңбегіне түсіндірме.

3. Ат-Табийан.

4. Китаб фи ат-тилсам би-луғат әл-фарисийа.

5. Рисала фи ғилм әл-муназара.



6. Әл-Балаға инда ас-Саккаки. Бағдад.

W.P. Heinrichs. Encyclopedie de Islam. Nouvelle edition, tom VIII. Leiden, pp.924-925.

Ал, Сағад ад-дин Масғуд бин Умар бин Абдулла әл-Һарауи ат-Тафтазани (1322-1390) де ортағасырлық Ортаазиялық көрнекті ханафит ғалым. Ортағасырлық ірі ойшылдар Адуд ад-дин әл-Иджи (1281-1355) мен Құтб ад-дин ар-Разиден тағлым алған. Жетіле келе калам, фикһ және тіл білімі саласы бойынша атағы шыққан. Оның еңбектері бойынша Орта Азияның медреселерінде дәріс берілген.

Ат-Тафтазанидың шәкірттері арасында Хұсам ад-дин Хасан бин Әли әл-Абиуарди мен Бурһан ад-дин Хайдар аталады. Оқымысты өмірінің көпшілік бөлігі Хорезм мен Самарқанда өткен, яғни ол Ақсақ Темірдің тұстасы.

Ат-Тафтазани Һижраның 792 (1390) жылы қазіргі Түркіменстандағы Сарахс шаһарында жерленген.

Еңбектері:

1. Ат-Талбих фи кашфи хақайқи ат-таудих.
2. Шарх мақасиди-т талибиин.
3. Шарх әл-Ақайд
4. Шарх ат-Тасриф
5. Әл-Мұхтасар
6. Әл-Мутаууал
7. Әл-Мақасид [ат-талибиин]
8. Тахзибу-л мантиқ уа-л калам.

Оқымысты шығармаларының басым көпшілігі Тегһран, Стамбул, Каир, Индия (Канпур, Лакнау, Калькутта, Лаһор, Дели шаһарларында) жарық көрген. Ат-Тафтазани туралы мәліметтер арабтың көрнекті оқымыстылары ас-Суйути, Ташкупризаде (1495-1561), Шаукани, Зирикли, үнділік Лакнауи, неміс К.Брокельман (1868-1956), ағылшын Ч.А.Сторидің (1868-1967) еңбектерінде ұшырасады.

Ат-Тафтазани калам ілімінің танымал қайраткері еді. Ол Қазіргі Түркімен жеріндегі Тафтазан қыстағында туылған.

Оның ең белгілі шығармалары “Тахзиб ал-мантиқ уа-л калам” (“Мантиқ пен каламдағы түзетулер”).

W. Madelung. Encyclopedie des L'Islam. Nouvelle edition. Tom X, Leiden Bzill, 2002, pp. 95-96.

Қолжазбалар қорынан Хорезмдік Махмуд бин Умар аз-Замахшари әл-Хорезмидің (1075-1144) “Китаб әл-мукамал фи шарх әл-Муфассал” атты еңбегін де көрдім.

Аз-Замахшари (1075-1144) демекші Орта

Азиялық бұл атакты ғалымның «әл-Кашшаф», имам әл-Бұхаридың (810-870) «Ас-Сахихы» жайлы да қолжазбалары барлығын айтқан жөн.

Мұнда сонымен қатар Хорезмдік Имам Насыр ибн Абу-л Фатх Насир бин Абд-ас Саид әл-Мутарризидің (?-1213) де шығармасы тұр екен.

Әскуриал кітапханасында Шейх әл-Хасан Насыр бин әл-Хасан әл-Марғинанидің “Китаб әл-бадиғ” атты қолжазбасы сақтаулы. Молла Турсын Андижани атты ғалым да ат-Тафтазанидің “Ақидасына” түсіндірме жазыпты.

Ал енді қазақ жерінен шыққан Сайрамирлерге келейік. Әскуриалдан Сайрамдық Йаһйа бин Сайф Йусуф ас-Сайрамидің де қолжазбасын таптым. Ол жоғарыда айтылған ат-Тафтазанидың еңбегіне “Китаб хашия әл-Мутаууал ли-шейх Йаһйа бин Йусуф ас-Сайрами” атты түсіндірме туындатыпты.

Ала ад-Дин ас-Сайрами (?-1342) деген де автордың трактаттарын көрдім. Ол Хорезмдік жоғарыда айтылған ас-Саккакидың “Мифтах әл-улум” атты трактатына түсіндірме жазыпты. Сондай-ақ каталогта көрсетілген 226-227, 229, 231, 233, 253 қолжазбалардың да ат-Тафтазаниге қатысы барлығы байқалады. Сондай-ақ Ахмед бин Мұса ас-Сайрамидің (?-1458). “Хашйа ала шарх әл-ақида” атты шығармасы да ұшырасты. Оның бұл дүниесі аталмыш ат-Тафтазанидың белгілі бір трактатына түсіндірме боп шықты.

Әскуриал кітапханасында отырарлық Исмайыл әл-Джауһари әл-Фарабидің (940-1008) “Ас-Сихах” атты тіл біліміне қатысты қолжазбасы тұр.

Қолжазбалар қорының “философия” бөлімінде атакты энциклопедист ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидың (870-950) де бұзау терісіне жазылған төмендегідей трактаттары бар. Бұл мен үшін үлкен олжа, әрі үлкен қуаныш болды.

1. Китаб тағлик исағуджи ала фурфуриус
2. Ард Әби Наср фи китаб Бариирминийас
3. Китаб әл-ибара
4. Китаб Әби Наср фи-л қийас
5. Иртийас фи Китаб ат-тахлил
6. Калам ала аууал китаб әл-бурһан ли Әби Бакр бин Йаһиа
7. Қаул Аби Бакр Мұхаммед бин Йаһия Китаб әл-Бурһан
8. Шарх Садр әл-мақала әл-аууал бин китаб Иклидис ли-Абу Наср Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Фараби
9. Шарх әл-мақала әл-хамис минһу ли-Аби Наср айдан



## 10. КИТАБ ЭЛ-МАКУЛАТ

Ал 627 қолжазба Әбу Әли Ибн Синаға (990-1037) қатысты.

Қолжазбалар каталогының II томы Парижде 1908 жылы жарияланған.

Күн сайын түс қайта сағат 14-те кітапхана жабылады. Сонда ол бар-жоғы 4-ақ сағат жұмыс істейді. Соған қарамай біраз қолжазбаларды карап шығудың сәті түсті.

«Ислам» энциклопедиясы томдарының бірінен «Қазақстан» деген тақырыппен еліміз туралы жапон ғылымы Томохико Уяма және Қырғызстан жайлы Ж.Паул (J.Paul) жазған мақалалар беріліпті. Ислам энциклопедиясының бұрынғы басылымдарынан ілгеріректе оны көрмеп едік. Бұны жұрттарымыздың тәуелсіздігінің арқасы деп ұқтым.

14 және 15 қыркүйек те кітапхана істемеді. Өйткені ол күндер Испания мейрамдарының бірі екен. Сол себепті әуелі Эскуриал қаласын тағы да біраз араладым. Шаһарда шағын мейрамханалар көп. Жұрттың онсыз да тар көшелер шетіндегі мейрамханаларда тамақ, сыра ішіп отырғаны. Испандықтар жұмыстан соң үйінде емес, мейрамханаларға жиналып, сонда түстеніп демалғанды жөн көреді екен. Ал таңертең иттерін жетектеп қыдыратындар да байқалмай қалмады.

Испандықтар әдетте толық емес, арықтау ма деп қалдым. Көпшілігі шалбар емес, шорт кигенді дұрыс көреді. Әйелдері де жеңіл киінеді. Еркектерден қалыспай әйелдері де темекіні көп шегетіні көзге ұрып тұр.

Бүгін менің туған күнім. 67-ге келдім. Иссапарымның туған күніме түс келгенін қарашы. Бөлмеде отыра бергенше сыртқа шығып, таза ауада демалайын деп аулаға шығып едім, автобустан саяхатшылар түсіп жатыр екен. Шамалы жаңбыр жауып өтіпті. Шөп басы су. Айтпақшы Ринат, Бақыткүл екеуміз 15-қыркүйек күні сізді Эскуриалға келіп құттықтап кетеміз деп еді, келсе сырттан кездесейік деп аулада 15 минуттай қыдырыстадым. Ұзамай Ринаттың мерседесі көрінді. Уәде еткеніндей Бақыткүл екеуі келіпті. Олар мені «туған күніңіз мүбәрак болсын» деп елші мен елшілік атынан құттықтады.

Содан соң Ринат Эскуриалдан 50 шақырымдай жердегі Сеговия қаласына баруды ұсынды. Ол Эскуриалдан үлкендеу көрінеді. Ринат Эскуриал шетіндегі шаһидтер және генерал Франко жерленген жерді көре кетейік деген соң жолдан бұрылып, шлагбаумға жеткенде полиция тоқтатты.

Бүгін ол жабық екен. Сонан кейін Сеговияға бет алдық. Ол саяхатшылар көп баратын жер көрінеді. Қалың орман біздің Бурабайды еске салады. Біраздан соң туннельден өттік те ұзамай Сеговияға жеттік. Қала ортасында Эскуриалдағыдай үлкен монастрь тұр. Шіркеулер де жетерлік. Сәлден соң алдымыздан биік аркалы тастардан қаланған акведук (Су құбырларын терең ордан, өзеннен, теміржолдан өткізуге арналған көпір түріндегі өтпе) шықты. Одан өтіп ескі шаһар бөлігіне кірген соң, қаланы жаяу араладық. Ескі шаһар қаланың төбе жағында. Оған да бардық. Шаһарға кіре берістегі жол шетінде қасқырдың мүсіні тұр. Оны екі күшігі еміп жатыр. Ол да жайдан жай емес-ау деген ой келді.

Түс ауып барады. Қала мейрамханаларының бірінде түстендік. Түс қайта қайтадан жолға шықтық. Кешкі сағат 5 болып қалыпты. Жолай тоқтап сайдағы шағын өзенді көрдік. Оның арғы бетіндегі жарқабақта, зәулім қамал тұр. Соны біраз тамашалаған соң Эскуриалға қайтып оралдық. Мен мейманханадан түсіп қалдым да, Ринат пен Бақытгүл Мадридке қайтып кетті. Ертең кітапхана қайта жұмыс істейді.

Айтпақшы Сеговияға жеткенше және одан қайтқанша мені туған күніммен құттықтап КазҰУ-ді бітірген шәкіртімнің бірі Еркін Дуанаев, балаларым Ербол мен Мұхаммед Әли, қызым Манзура мен күйеу балам Бағдад Қалиев, жұбайым Рафия Бәкірқызы және басқа да әріптестер мен достарым құттықтап телефон соғып жатты.

Кешірек Мадридтен елшіміз Бахыт Амангелдіұлы Дүйсенбаев хабарласты. «Біраз материалдар тауыпсыз. Құтты болсын. Дін саласында жемісті еңбек етіп едіңіз, енді ғылым саласында да табысты еңбек етудесіз» дей келіп, біраз жылы да марапат сөздер айтты. Игі тілектерін жеткізді. Рахмет інім, Мадридке оралған соң, елшілікке соғып, өзіңізге тапқан материалдар жайлы толығырақ баяндаймын дедім.

Сонымен кітапхана ашылып жұмыс істей бастадым. Қолжазба қорынан Йахия бин Сайф ас-Сайрамыдың “Хашия әл-Мутаууал” атты қолжазбасын алдырдым. Көлемі үлкендеу. Қағазы қалың. Қолжазбада еңбектің аты мен авторы, ескертулер мен түсініктерді, сондай-ақ мәтіндегі көп сөздердің асты қызыл сиямен сызылған. Жол шетіне жазылған түсініктер аз.

Ас-Сайрами бабамыз һижраның 833//1429 жылы дүниеден өткен. Оның еңбегі Сағад ад-дин



ат-Тафтазанидың енебегіне жазылған түсіндірме деуге болады. 244 беттен тұрады.

Мейрамханаға қайтып оралдым. Терезеден Мадрид жақтағы үлкен алқапқа қарап тұрмын. Эскуриал мен Мадрид арасы зәйтүн, шыршалы тоғай. Алыста Мадридтің биік ғимараттары сағымданып көрінеді.

Испания ертеден жік-жікке бөлінген түрлі патшалықтардан тұрған. Октын-октын бөліну әлі де жоқ емес. Баскілер мен каталониялықтар осы күнге дейін Испаниядан бөлінуге әрекет етуде. Сол себепті арабтар мен берберлер оларды XIII ғасырда оп-оңай жаулап алып, Кордова халифатын құрды, соңыра мұсылман халифаты да әмірліктерге бөлініп кетті. Осы хал XV ғасырға дейін жалғасты. Испандықтар бас біріктіру арқылы ғана XII ғасырдан бастап арабтарды келген жағына қарай бірте-бірте тықсырып қуа бастағаны жоғарыда айттым. Олар Жерорта теңізінің арғы жағындағы, бір кездері өздері келген Марокко, Туниске амалсыз қоныс аударды. Мағриб жұрты арасында Андалусияны әлі күнге дейін аңсайтындар жоқ емес.

### ЭНРИКЕ МЕН КӨРКЕМ

Бірде кітапханадан оралып, мейманханаға жақындай бергенімде біреу маған Қазахистан дегендей болды. Кідіріп, бұл кім деп әлігі кісіге қарап ем, ол жымыып Қазахистан деді мені көрсетіп. Иә, иә Қазақстанмын дедім орысшалап, осында жүрген бір ресейлік қой деген оймен. Ол бірақ орыс тілінде емес, испан тілінде бірдене дегендей болды. Сөйткенше мейманханадан шыққан қыз маған қарап: «Сәлеметсіз бе аға» демесі бар ма?

– Сәлем айналайын.

– Аға мен Қазақстаннан, Алматыданмын. Осы “Victorya” мейманханасына жаңа ғана орналастық.

– Эскуриалда жай жүрсіндер ме?

– Біз Мадридте тұрамыз. Осында екі-үш күнге демалуға келдік.

– Мадридте не істейсіңдер?

– Мына Энрике телекоммуникация саласының маманы. Мен көмекшісімін.

– Көмекші болғанда, ол күйеуің бе дедім тәптіштей түсіп.

– Жок, әлі әзір күйеуім емес, бірақ болашақта болып қалуы мүмкін. Ал өзіңіз мұнда қалай тап болдыңыз?

– Мен де Алматыданмын. Тап болған жоқпын,

ғылыми жұмыспен келдім. 2-3 күндей болды. Осы “Victorya” мейманханасында тұрып жатырмын. Арамызда сөйтіп шамамен осындай әңгіме болды.

– Атың кім?

– Көркем. Елім Қызылорда. Аға, ендігі әңгімені Эскуриалдағы мейрамханалардың бірінде жалғастырсақ кайтеді. Әрі демалайық.

– Жарайды. Мен бөлмеге кіріп, кітаптарымды тастап шығайын.

– Келістік.

Тез оралдым. Кішкентай ғана қаланың тас кілемдер төселген шағын көшелерінің бірімен жаяулап келеміз. Күн суыта бастапты. Жаңбыр жауатын түрі бар. Жапырақтар түсіп жатыр. Көше шетіндегі мейрамханалардың біріне барып жайғастық. Сұхбаттасып отырмыз. Энрике Көркем қарындасымызбен Алматыда танысыпты. Ол сонда қызмет бабымен барып, бір аптадай тұрған көрінеді. Көркем ағылшын тілін жақсы біледі екен. Еркін сөйлейді. Біздің сұхбатымызды жылдам аударып отырды.

Мен Испанияның Андалусия өлкесінде ислам мәдениетінің үлкен ізі қалғанын айттым. “Арабтардың Испанияны жаулап алуының нәтижесінде араб тілі осы елдің дәулеттілер ортасының әдеби тіліне айналды. Бұл ретте айта кетер жайт – Испанияны арабтар алғанға дейін де дүнияуи әдебиет онда болған жоқ. Қолданыстағы латын тіліндегі кітаптар тек діни сарында ғана болатын. Сауаттылық діни ортаға ғана тиесілі-тін. Сол себепті де арабтардың жаулап алуынан кейін 100 жыл өткенде, IX ғасырда, Кордова қаласының епископы: «Менің діндестерімнің көпшілігі арабтардың өлеңдері мен ертегілерін оларды жоққа шығару үшін емес, керісінше осы тілде дұрыс та шебер сөйлеу үшін зерделейді. Латын тілінде оқып, қасиетті жазбаларға түсіндірме жасай алатын бірер адамның өзін табудың өзі қиын болып барады. Олардың арасында “Інжілді”, елшілер мен сахабаларды оқитындар бар ма? Өкінішке орай христиан жастарының ішінде талантылығымен көрінгендер тек қана арабтардың тілі мен әдебиетін ғана біледі, араб тіліндегі кітаптарға қызыға қарап, зерделегені, өз тілдерін ұмытқаны сонша, латын тілінде азмұздап досына хат жаза алатындардың жүзден біреуі табылар ма екен? Керісінше араб тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындар мен осы тілде әдемі өлең жаза алатындар арабтардың өздерінен де көп» деген екен күйініп. (И.Ю.



Крачковский. Арабская культура в Испании М.-Л., 1937, 1-2 беттер).

Ал Энрике болса арабтардың шынында да Испанияға үлкен өркениет, мәдениет әкелгенін, кезінде испандықтардың ислам мәдениетіне қатты қызыққанын, арабтардың Андалусияға қалалар, қамалдар, ғажайып ғимарттар салып елді көркейткенін, көптеген жазба дүниелер қалдырғанына тоқталды. Испандықтар Гренаданы арабтардан тартып алған соң араб тіліндегі 20 мың қолжазбаны өртепті. Оны естігенде денем түршіккендей болды.

Сұхбат кезінде Энрике мен Көркем екеуінің ара-қатынасы туралы да әңгіме болмай қалған жоқ. Энрике іссапарға көп шығады екен. Олар енді Таиландқа бара жатқан көрінеді. Энрике қайда болса, Көркем қарындасымыз да сонда бірге барады, яғни Энрике оны қайда барса да өзімен бірге алып жүреді.

– Бірінді-бірің жақсы көрсеңдер? Неге үйленбейсіңдер?

– Білмеймін. Әлі әзір ол туралы сөйлесе бермейміз. Бірақ Энрике неке туралы менен сұрап қояды, – деді Көркем.

– Үйленгілерің келсе, Алматыдағы бір мешітте некелеріңді қиып беруге көмектесейін. Айтпақшы, Энрике ислам дінін қабылдаған ба?

– Жоқ, қабылдаған жоқ.

– Онда болмайды. Христиан жігітін қанша сүйсең де саған оған күйеуге шығуға болмайды. Әуелі ол Исламды қабылдасын. Көркем Энрикеге аударып берді.

Ол үндеген жоқ. Энрике бірақ менен ислам діні мен оның ерекшеліктері жайлы сұрады. Мен түсіндірдім.

Күн күркіреді. Жаңбыр жауа бастады. Мейрамханада отырғандардың кейбірі кете бастады. Енді сөз бізге даяшылық жасап жүрген латын америкалық жігіт жайына ауысты. Мен олардың арасында ана тілін білетіндері бар ма деп сұрадым. Энрике көпшілігінің испанша ғана сөйлейтінін айтты. Жалпы Латын Америкасында испан тілді 500 миллионға жуық халық тұрады екен. Энрике әңгіме арасында Алматыға барсам үнемі жақсы түс көрем. Сіз түс жори аласыз ба деп сұрады. Түстің де түр-түрі бар ғой. Жалпы түс жоруды кәсіп етпеймін деп шынын айттым. Біраздан соң мейманханаға қайтып оралдық.

– Ертең сізді Эскуриалдың тау баурайындағы әдемі бір мейрамханасына апарайын. Онда негізінен бай кісілер ғана барады деді Энрике. Кітапханадан шыққан соң барайық дедім.

Эскуриалдағы ғылыми іссапарым аяқталып келеді, біраз дүниелерді қолмен көшірдім, кейбірін Хосе Луис де Валес мырза CD дискісіне жазып беретін болды. Сол себепті 18 қыркүйек жұма күні енді Мадридке қайтуға болады.

Испандықтардың тұрмысы қазаққа ұқсайды деседі. Олар да кешкі асты кештеу ішеді. Сол себепті де Энрикемен Эскуриалдың жота басындағы “Горизонтал” атты мейрамханасына кешкі 21.30-да баруға келістік. Аталған уақытта Көркем қарындасымыз бөлмеге телефон соғып, сыртта күтіп тұрғандықтарын хабарлаған соң, киініп төменге түстім. Энрикенің машинасы бар екен. Соған отырып Эскуриал жотасының беткейіне өрмелей отырып, әлгі мейрамханаға келдік. Іште екі-үш кісі отыр. Біз де бір жайлы жерге келіп жайғастық. Энрике балық сорпасы және біздің палауға ұқсас, бірақ сұйықтау асқа тапсырыс берді. Ас үстінде Энрике Қазақстанды ұнатып қалғанын, қазақ халқының өте қонақжай екенін, ол туралы бұрындары естісе, енді көзімен көргеніне тоқталды. Сәтін салса болашақта Қазақстанда қызмет етіп, Алматыда тұрғанды жоспарлап отырғанын да жасырмады.

Сұхбатта Андалусияның әндері, музыкасы, биі туралы да сөз болмай қалған жоқ. Мен де Қазақстанның көп ұлтты халық екенін, бізде достықтың арқасында елдің өсіп, өркендеп отырғанына тоқталдым. Араб-бербер, қазақ-өзбек, армян-әзірбайжан халықтары арасындағы қызықты езу тартқылар жайттер де айтылмай қалған жоқ. Оның бәрін Көркем қызымыз тігісін жатқызып, түсіндіре аударуда.

Көркемнің әкесі мұнай жағында, шешесі Қызылордадағы кітапханада істейді екен.

– Сенің Испанияда Энрикемен бірге жүргеніңді олар біле ме деп сұрап едім, ол білетінін айтты. Көркемнің Энирикаға қарағанда бойы сәл биіктеу сияқты. Шашы ұзын. Аққұбаша. Өзін еркін ұстайды.

Сөйтіп әлгі мейрамханада бір жарым сағаттай отырып, Испанияның ұлттық тағамынан дәм таттық. Содан кештетіп мейманханаға қайтып оралдық. Энрике мен Көркем ертең таңғы 7-де Таиландқа кетіп бара жатқанын айтып қоштасты. Алматыда кездескенше деп тілек тілестік.

Таңертең Каирден Жеңіс деген жігіт телефон соғып хал-жағдайымды сұрады. Қанша кітап алғанымды, қайсы жерлерде болғанымды білгісі келетін сияқты. Біз тәуелсіздік күніне орай журнал шығарайық деп жатыр едік, сол себепті Марокко сапарыңыз туралы мақала жазып

берсеңіз деген тілек білдірді. Елге барған соң орындайын өтінішінді дедім.

Кітапханаға барып директорға рахмет айтып, қоштастым да мейманханаға қайтып оралып, күнделігімді толтырдым. Өйткені ертең 19 қыркүйекте Мадридке қайтам. Одан кейін Мәскеу, сосын Алматы. Елімді, отанымды, балашаға, немерелерімді де сағындым.

Танертең Эскуриалдан мені алып қайтуға Ринат келді. Машинаға отырып 11 күн тұрған курортты қаланы тастап Мадридке бет алдық.

– Сізді елші Бақыт Дүйсенбаев өз резиденциясында қабылдамақ, – деді Ринат. Кездестік. Мен уәде еткенімдей Эскуриал кітапханасы мен оның қолжазба қорындағы біздің тарихымыз бен әдебиетіміз және мәдениетімізге қатысты жазба жәдігерліктер жайлы баяндадым.

Бақыттың әкесі партия, совет қызметінде болған, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде қызмет атқарып, 52 жасында дүние салыпты. Бақыт Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің тарих факультетін бітірген соң Қазақстан Сыртқы Істер министрлігінде екінші, еліміздің Испаниядағы елшілігінде бірінші хатшы, одан елімізге қайтып оралып тағы да Сыртқы істер министрлігінде қызмет еткен. Содан соң Испаниядағы елшілігімізде кеңесші болыпты, одан соң елші болып тағайындалған. Қазақшасы да, испаншасы да жап-жақсы.

Бақыт бауырымызға іссапарым кезінде көрсеткен көмегі, қамқорлығы үшін рахмет айттым. Көпұзамай Miguel Anghel мейманханасына жайғасып, сол күні демалған соң, ертеңіне Мадрид ортасындағы үлкен де зәулім ғимарат – ұлттық кітапханаға бардық. Қақпада, іште де қарулы күзетшілер, қызметкерлерге құжаттарымызды көрсеткеннен кейін кітапханаға кіруге рұқсат етті. Мен Мадридке оралардан бұрын Ринат кітапхана директорына хат жазып, келісімдерін алып қойған екен.

Nacional de Espana – Испанияның көпшілік бас кітапханасының іргетасын король V Филипп 1712 жылы қалапты. Ол үшін арнайы өкім шығарған. Оның міндеті елде ғылым, білім тарату және онда жекелеген қорлардың басын қосып, жинастыру болған. 1716 жылы бас кітапханашы Хуан Сантандер король Карл III-ның тапсырмасы бойынша кітапхана жарғысын жазған. Сондай-ақ онда корольдің баспаханасы ашылған.

1836 жылы кітапхана ұлттық мәртебе алыпты. Содан бастап ол Корольге емес, үкіметке бағынатын болған.

1896 жылы Реколетос бульварында кітапхана ғимараты біткен соң онда музей мен мұражай да жайғасады. Кітапханада 26 миллион кітап, 30 мың қолжазба, 143 мың газет, журнал, 4 миллионнан астам графикалық материалдар, 90 мың аудио-видео және т.б. материалдар бар көрінеді.

Кітапхананың бюджеті 47 миллион 380 мың 860 евро. Онда 1025 кісі қызмет етеді. 1 миллион 157 мың 7 оқушысы бар.

Кітапхананың кіреберісіне Лопе де Веганың ескерткіші қойылыпты.

Кітапхананың қолжазба қорының меңгерушісі Кэтрин Гуллен деген келіншек жайдары келіп амандасты да бізді ішке бастады. Сұрағандарыңыздың бәрін көрсетемін дейді ол. Оның да себебі бар. Мен келерден бұрын елшілік атынан Ринат мен туралы, Қазақстанның ғылым, біліміндегі орным жайлы егжей-тегжейлі хат жазыпты. Сонымен Кэтрин ханыммен кітапхананы аралап келеміз. Кітапхана бөлмелері мен залдары, холдарының төбесі биік, кең. Аудиовидео аппараттары көптеп қойылыпты. Түрлі анықтамалықтар. Сан тілдердегі қолжазбалар мен кітаптар.

Кітапхананы біраз аралаған соң қолжазбалар каталогымен танысуды бастадық. Олардың көпшілігі Андалусия мен Солтүстік Африкалық ойшылдар мен ғалымдар, тарихшылар мен ақындар, әдебиетшілердің қолжазбаларынан тұрады екен. Маған керек дүниелер Эскуриалға қарағанда мұнда аздау болып шықты. Каталогтар негізінен испан тілінде. Ара-кідік Парижде француз тілінде жасалғандары да жоқ емес.

Испан тіліндегі каталог 1889 жылы жасалыпты, яғни оған 100 жылдан асқан.

Кэтрин Гуллен ханымның маған үлкен бір тосын сыйлық жасағанын да айтқан жөн. Ол Морис Штейншнейдер (1816-1907) атты Еуропа шығыстанушысының “Әл-Фараби” атты 1966 жылы Голландияда (Амстердамда) басылған үлкен зерттеуін сыйлайды. М.Штейншнейдердің ол еңбегінен хабарым бар-ды. Оның Әбу Насырға арналған неміс тілінде жазылған зерттеуі әуелі 1869 жылы Санкт-Петербургта жарияланған. Яғни ол еңбек арада 100 жыл өткен соң қайта басылған.

Кэтрин ханымға ризашылығымды білдірдім. Оның үстіне әуелде ол кітаптың көшірмесі үшін 100 евро сұрғанымен, соңыра ақша алудан бас тартып, ол дүниені жоғарыда айтқанымдай сый етті.

Сонымен Испанияның Эскуриал кітапханасы





мен қолжазба қорынан Әбу Насыр әл-Фарабидың жоғарыда аталған трактаттарын және Мадридтегі Ұлттық кітапханадан:

Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) “Китаб әл-мусика”, әл-Джауһари әл-Фарабидің (940-1008) “Китаб Сихах әл-луға” (“Тадж әл-луға уа сихах әл-арабийя”) атты түсіндірме сөздігін алдым. Соңғы дүние “Әл-хамду лилла шукран ала науалиһи” деп басталып, “Салли ала саййидина Мухаммад уа саллам” деп аяқталған екен.

Орта Азиялық үлкен ғалым аталмыш ат-Тафтазанидің (Сағад ад-дин Масуд бин Умар) “Шарх талхис ала әл-мифтах (әл-улум)” және “Ақайд” атты туындыларын да көрдім.

Ад-Дауани және әл-Курдистани атты ғалымдар ат-Тафтазанидің еңбектеріне түсіндірмелер жазыпты. Соның бірі Қазанда 1888 басылғаны есімде.

Әбу Әли ибн Синаның “Урджуза” (“Әл-Кубра фи-т тиб”) атты еңбегі де Мадрид Ұлттық кітапханасында тұр.

Әл-Фарғанидің (Сағад ад-дин Әбу Усман Саид бин Абдалла) “Әл-Мунтаһаб әл-мадарик уа-л муштаһ луб кулл ариф” атты трактаты да көзге түсті.

Ғалым Әмір Темірдің шақыруымен Самарқанға келіп, сонда өмірінің соңына дейін тұрған. Мауараннаһрдың түрлі медреселерінде сабақ берген.

Ол кезінде қалам, логика, геометрия, поэтика, араб тілінің грамматикасы бойынша үздік деп танылған.

Таңертең Ринат мені Мадридтегі Барахас әуежайынан Мәскеуге шығарып салды. 3 сағат 50 минуттан соң Шереметьево әуежайына келіп қондық. Жолаушылардың көпшілігі орыстар. Соған қарағанда Испания мен Ресейдің қарым-қатынасы жақсы сияқты.

Таңертең Мәскеу Шығыстану институтына бардым.

Институтта мен оқыған өткен ғасырдың 70 жылдары академик Б.Ф.Ғафуров (1908-1979) директор еді. Ол қайтыс болған 1979 жылдан кейін институтқа академиктер М.С.Капица (1921-1995), Е.М.Примаков, Р.Б.Рыбаков басшылық етті. Қазіргі директор араб тілінің маманы, профессор В.В.Наумкин. Кездестік. Сөйлестік.

— Сапар алдында қазақтың Шығыстану институты мен Мәскеу Шығыстану институты арасында жасалған келісімшарт жобасын алдын ала оларға жібергенмін. Келісімшартты оқып шыққан ол келісетінін айтты. Сонан соң оған

2014 жылдың желтоқсанында Алматыда қол қоюға уағдаластық Ленин атындағы кітапханаға да бардым. Бұл жерде Совет Одағы кезінде талай ғылыми жұмыстар атқарылған. Соның бірі менің кандидаттық және докторлық диссертацияларым. Ол қоры жағынан әлемдегі ең бай кітапхана. Сонда кешке дейін болдым. Кітапханаға түскен жана дүниелермен таныстым. Бұрындары КСРО халықтары мен шығыс әдебиеті бөлімдері кітапхананың 3 қабатында еді. Қазір ол кітапхананың шығыс жағындағы жолдың арғы бетіндегі бірқабатты үйге көшіріліпті. Онда да болдым. Қазақстанға қатысты бөлімдегі ашық сөреде менің де бірнеше кітаптарым тұр екен.

Ертеңіне таңертең Азия-Африка-Еуропа елдеріне жасалған іссапарды осылай Мәскеуде аяқтап, тағы да Шереметьево әуежайынан Алматыға аттанып кеттім.

## ГРАНАДА КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Мадридтен қайтарда Бақыт Дүйсенбаев 2014 жылдың желтоқсан айының бірінші онкүндігінде Испанияның Гранада қаласында ЮНЕСКО-ның қатысуымен халықаралық конференция болатынын айта келе, мүмкіндігіңіз болса келіңіз, қатысыңыз деген-ді. Ұсынысты құп алдым. Содан көп ұзамай Б.Дүйсенбаев інімізден төмендегідей арнайы хат келді:

«Уважаемый Абсаттар Багисбаевич!

Хотел бы пригласить Вас выступить с докладом на Международной конференции «Великие переселения народов: Заселение Европы», которая состоится 10 декабря 2014 г. в Гранаде (программа прилагается).

Конференция проводится и финансируется Правительством Республики Казахстан при содействии Министерства иностранных дел, Посольства Казахстана в Испании, Фонда «Культура, Гренадского университета и под эгидой ЮНЕСКО.

Суть конференции заключается в рассмотрении истории и процессов заселения Европы, изучения географического происхождения племен и народов, пришедших на территорию субконтинента в период его первоначального освоения человеком, ознакомление с основными миграционными трендами на указанном и последующих отрезках времени.

Гренадский университет – государственный университет в Гранаде является одним из самых больших и престижных вузов страны. Основан в

1531 году на базе существовавшего с 1349 года медресе.

Настоящее время насчитывает более 70 тысяч студентов и 3641 преподавателей (население города составляет 250 тысяч человек). Обучение ведется на 17 факультетах и более 100 кафедрах. Гранадский университет входит в Коимбрскую группу объединяющую старейшие и наиболее значительные университеты Европы.

Оплату за перелет и проживание берет на себя Посольство. В случае положительного рассмотрения, просим направить биографию с фотографией и тему выступления.

Посол Б.Дюсенбаев»

Ұзамай келісім беретінім жайлы хат жазып жібердім. Мадридте келіскеніміздей Гранадаға менімен бірге жұбайым Рафия Бәкірқызы да бірге баратын болды. Шығыным өзім көтеретінімді айттым. Баяндама тақырыбы мен суреттерді де жібердім.

Сонымен 7 желтоқсанда Стамбұлға ұшып шықтық. Түркияның ежелгі шаһары салқындау екен. Жаңбыр. Келген күні «Holiday Inn» деген отельге тоқтадық. Қаланың тарихи жерлерін араладық. Ертеңіне түс қайта Ататүрік әуежайынан Испания астанасына ұшып шықтық.

Төрт сағаттан соң Мадридтегі Барахас әуежайына келіп қондық. Онда бізді елшілігіміздің консулы мен Рафия Бәкірқызының шәкірті Мадридтегі елшілігіміздің Бас есепшісі Бақытгүл күтіп тұр екен. Әуежай залында отырып бірге шай іштік. Әңгімелестік. Ел жаңалығымен бөлістік. Бөлістік дегеніміз болмаса олар интернет арқылы бәрін біліп отыр деуге болады.

Мадрид әуежайында сөйтіп шамамен 2 сағаттай болдық. Сонан соң Гранада ұшағына отырғызу жайлы хабарланған соң ұшаққа бет алдық. Сөйтсек, бізден сән бұрынырақ Гранада да конференциясына «Мәдениет» қорының басшысы Олжас Сүлейменов пен жұбайы және көмекшісі Толмачев та бара жатыр екен. Әуежайда сондай-ақ академик Карл Байпақов, тарихшы Жекен Таймағамбетов және тағы бірнеше кісілер кездесті. Гранадағы дейін 40 минуттай ұшып, түнгі 10-дарда қала әуежайына келіп қондық. Бізді Гранада әуежайында елшіліктің I хатшысы Ринат Дүйсенбаев және тағы бір жігіт күтіп алды.

Микроавтобуска отырған соң әуежайдан аттанып кеттік. Түн. Қараңғы. Жұлдыздар жымындайды. Гранадада күн сәл тде болса жылылау сияқты көрінді. Өйткені ол Испанияның оңтүстігінде, жылы жакта ғой.

Көшелер көліктерден босап қалған. Ұзамай қаланың бас көшелерінің біріндегі «Palacio De Santa Paula» атты 5 жұлдызды қонақүй алдына келіп тоқтадық. Отеліміз мұсылман шығысы сәулет үлгісімен салынған ғимарат екен. Бөліне жайғастық. Ұзақ жол жүріп келгендіктен бе тез-ақ ұйықтап кеттіміз.

Келесі күні түске дейін демалдық. Гранада аспан ашық. Бірақ суықтау, ызғар бар. Бағдарлама бойынша ең әуелі Гранадағы әл-Гамбра атты мұсылман патшаларының сарайы кешенін көруіміз керек. Ол қаланың шығыс жағындағы төбе үстінде. Төбе үлкен емес. Шағын. Шығыстан батысқа қарай көлбей созылып жатыр. Солтүстік шеті сай. Оңтүстік жағы да жайпақтана жатқан сайлы төбе. Гранада қаласының оңтүстігі Сьерра Невада атты біздің Қаратауға ұқсас тау. Оның оңтүстік жағы Жерорта теңізі. Сондай таулы қыраттың шығысына орта ғасырларда арабтар патша сарайларын салған. Кезінде елдің Андалусия атты оңтүстік жағында Кордова халифаты атты мемлекет болған. Оған Кордованың оңтүстік батысындағы Севилья, оңтүстік шығысындағы осы Гранада да кірген.

Кордова халифатын XII-XIII ғасырларда испандықтар құрдымға жіберді. Арабтар бірте-бірте Севильядан да айрылды. Тек Гранада қаласы мен оның аймағы ғана 1492 жылға дейін мұсылман мемлекеті (әмірлік) ретінде өмір сүре берді. Дей тұрғанмен 1492 жылы ол да құлады. Патшасы тақтан айрылып, Жерорта теңізінің арғы жағындағы – Мароккоға қоныс аударды.

Сонымен әл-Гамбра сарайларын аралап келеміз. Оның тарихы туралы кезінде атакты қаламгер Вашингтон Ирвингтың (1783-1859) «Альгамбра» атты жолжазбасында сипатталған. Ол осы қалада тұрып, тарихы жайлы мағлұматтар жинап, ақырында аталмыш кітабын туындатқан. Ол бірқатар тілдерге аударылған. Мен ол кітаптың орыс тіліндегі аудармасын (Москва 1979) оқыдым. Реті келсе Гранаданы бір көрсем деп армандап та жүрдім. 1975-1976 жылдары Мароккодағы (Рабаттағы) V Мұхаммед атындағы университетте оқып жүргенде Испания мен Солтүстік Африканы бөліп жатқан Гибралтарда (Танжер қаласында) болып, бұғаздың оңтүстік жағындағы Танжердегі төбеден арғы жақтағы Испания (Андалусия) жағалауын көріп, енді Испания (Андалусия) жағындағы Гранада, Кордова, Севильяны көретін күн болар ма екен деп армандағанмын. Алла тағала сол тілегімді қабыл етіп, Испанияда әр жылдары бірнеше



рет болдым Кордовадағы IX ғасырда салынған күні бүгінге дейін дін аман тұрған мешітті, Севильядағы мұсылман ескерткіштерін көріп ол жайлы жолжазбаларымда жазғанмын.

2012 жылы жазда жұбайым, қызым Мунира үшеуіміз Андалусияның мұсылман ескерткіштері сақталған қалаларды көрдік.

Міне, енді 2014 жылдың желтоқсанында Алла тағала маған Гранадаға тағы бір келуді нәсіп етті.

Гранададағы патша сарайлары жақсы сақталған. XIX ғасырда Испанияны тізе бүктірген соң Наполеон әскерлері Гранада да болып, әл-Гамбра сарайларының кейбір жерлерін қиратқан. Бірақ дей тұрғанмен сарай XXI ғасырға аман жеткен.

Патшаның қабылдау бөлмелері, қонақхана, демалыс орындары әміршілердің жұмыс бөлмелерін аралап келеміз. Дуалдардың кейбіріне Қасиетті Құран сүрелері өрнектеліпті.

Біздің жігіттердің көпшілігі әл-Гамбраны бұрын көрмек түгілі естімеген де екен. Патша сарайларына қайта-қайта таңқалумен болды. Кейбірі: ойпырмай қазақ жерінде Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың Түркістандағы кесенесінен басқа ештеңе жоқ. Сауранда, Жендте қаланы қоршаған алып дуалдардың жұқанасы ғана қалған. Сығанақ, Отырар болса қирап жатыр дейді күрсініп.

Әл-Гамбраны біраз тамашаладық. Келесі күні конференция басталар алдында О.Сүлейменов, Б.Дүйсенбаев пен мені Гранада қаласының мэрі қабылдады. Жылы жүзді сұхбат болды. Қазақстан жайлы жақсы-жақсы сөздер айтылды. Испандықтар еліміздің қарқындап өсіп келе жатқанын тілге тиек етті.

Мэр Испаниядағы ислам өркениеті жайлы да жақсы сөздер айтты. Ізгі пікірлер білдірді. Ислам өркениетін сыйлайтынына тоқтала келе: “Біз Қазақстанның мұсылман елі екенін білеміз, сол себепті біздің Андалусия өлкесі Қазақстанның бір аймағымен, Гранада Қазақстанның бір қаласымен бауырлас болса дейміз,” – деп қалды. Бұл ұнамды ұсыныс еді. Елші оны құптап, мэр ұсынысының Қазақстан жағына (тарапына) жеткізілетіне сендірді.

Сонан соң мэриядан шығып Гранада университетіне бет алдық. Онда келгенше Бақыт ініміз маған:

– Аға, жаңа Гранада мэрінің ұсынысын есіттіңіз. Қазақстан жағынан Андалусия өлкесіне ынтымақтастыққа Оңтүстік Қазақстан облысын, ал қалалардан Түркістанды ұсынсақ қалай деді.

Бұл шынында да жақсы, әрі орынды ұсыныс еді. Бақыт Амангелдіұлы әрі қарай сөзін жалғады.

– Ендеше ұсынысты орынды көрсеңіз, оны Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Асқар Мырзахметов мырзаға жеткізсеңіз. Олар мақұл деп, ұсынысты құп алса, ол жайлы маған білдірсе, мен де өз тарапымнан іске кірісер едім деді.

Алматыға келген соң Асқар Мырзахметовке төмендегідей хат жолдадым:

**«Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі А.И.Мырзахметовке**

**Көшірмесі. Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі елшісі Б.А.Дүйсенбаевқа.**

Қазақстанның Испания Корольдігіндегі төтенше және өкілетті елшісі Б.А.Дүйсенбаевтың өтінішіне орай

**Құрметті Асқар Исабекұлы!**

2014 жылдың 9-10-желтоқсанында Қазақстанның қоғам және ғылым қайраткерлерінің арнайы делегациясы ЮНЕСКО-ның қамқорлығы және Қазақстан Үкіметі, Испаниядағы Қазақстанның елшілігі, Гранада университеті және «Мәдениет» қорының қолдап көмектесуімен Гранада қаласында өткен халықаралық ғылыми конференцияға қатысып қайттық.

Испанияның оңтүстігіндегі Андалусия аймағын 711 жылы арабтар алып, сонда 1492 жылға дейін иелік еткен. Кордова Халифаты, Гранада әмірлігі, Корольдікте ислам өркениетінің үлкен ізін қалдырған. Университеттер мен мешіт, медреселер салдырған. Андалусиядан көптеген ғалымдар шыққан. Андалусияның біздің елге де қатысы барлығына сонда болғанымызда көзіміз жетті.

Гранада қаласының мэрі қабылдап, құрмет көрсетті. Қазақстан жайлы жақсы пікір білдірді. Сұхбат үстінде ол еліміздің экономикасының өрлеп, шапшаң дамып келе жатқанын айтумен қатар, Андалусия аймағының Қазақстанның бір облысымен және Гранада шаһарының да Қазақстандағы қаламен әріптес болғысы келетіні жайлы мәлімдеді.

Елші Б.А.Дүйсенбаев ұсынысқа рахмет айтты. Ақылдаса келе, мэрдің ұсынысына Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласын лайық көретінін, осыған орай Испаниядан оралған соң маған осы жайтты сізге жедел мәлім етуді

өтінді. Егер елші мырзаның ұсынысын орынды көрсеңіз, менің осы хатыма сілтеме жасай отырып, Қазақстанның Испаниядағы төтенше және өкілетті елшісі Бақыт Амангелдіұлына тікелей хат жолдағаныңыз жөн болар деп ойлаймын.

**Байланыс телефоным +7 (701) 517-16-99;**

**+7 (727) 261-16-01**

Алдағы тәуелсіздігіміз мәңгілік, Отанымыз аман, халқымызға Жаратушы иеміз береке мен бірлік бере берсін деген игі тілекпен,

*Директор*

*ҚР Жоғары Мектеп ҒА-ның академигі,*

*филология ғылымдарының докторы,*

*профессор*

**Әбсаттар қажы Дербісәлі»**

Сонымен қабылдаудан соң Гранада университетіне келдік. Ректорат алдында ректор мырза бізді күтіп отыр екен. Жылы қарсы алды. Әуелгі сөзді ректор Франциско Гонсалес Лодейро мырза алды, қош келіпсіздер айтылды.

Гранада университеті Б.А.Дүйсенбаевтың маған жолданған жоғарыда айтылған хатындағыдай Испаниядағы ең үлкен әрі беделді оқу орындарының бірі екен. Оның іргетасы 1531 жылы қаланыпты. Оған дейін университет ғимаратында 1349 жылға дейін медресе болған. Медресе демекші арабтардың билігі кезінде Испанияда 400-ге жуық медреселер жұмыс істеген, яғни арабтар оқу ордаларына, ғылым, білімге көп көңіл бөлген.

Гранада халқының саны 250 мың. Қазір Гранада университетінде 70 мың студент оқиды, 364 оқытушылар дәріс береді. 17 факультеті, 100-ден астам кафедрасы бар оқу орны Еуропаның белгілі де беделді әрі ежелгі білім ордаларының басын құрайтын Коумбра группасына кіреді.

1492 жылы Гранада әмірлігі құлатылып, арабтар Гибралтардан қуылып тасталған соң Испания ғылым, білімнен мақұрым қалған. Лодейро мырзаның айтуынша Испанияда әсіресе математика ғылымы тоқырауға ұшыраған. Өйткені математиктердің барлығы мұсылмандар болған. Осы ғылым саласын қайта көтергенше, оның айтуынша 400 жыл өткен. Біз сөйтіп 400 жыл жоғалттық деді ол. Андалусияның Хайан деген қаласынан да көп ғұламалар шыққан. Мамлюктер заманда қыпшақ тілін зерттеген Испанияда Әбу Хайан деген кісі өткен. Оның қыпшақ тіліне арналған еңбегіне КазҰУ-дің

ұстазы Марзия Маженова өткен ғасырдың 70-жылдары кандидаттық диссертация арнады.

Хайан Гранададан аса қашық емес. Осыдан біраз бұрын Гранадаға тағы бір келіп, Мадридке қайтарда машинамен Хайанның жанынан өткенбіз. Өттең сонда Хайанға да тоқтап көре кетпеген екенбіз. Хайан қазір де дін аман тұр.

Ректордың қабылдауынан соң аудиториялардың бірінде халықаралық конференция өз жұмысын бастады. Ең әуелі құттықтау сөздер айтылды.

Лодейро мырза Қазақстан делегациясына хош келіпсіздер деумен қатар, Испаниядағы Ислам өркениетінің ізгі ізі жайлы бірқатар жақсы пікірлер білдірді.

Көне гректер заманында көп құдайға табынушылық орын алды. Тарих сахнасына христиан діні шыққан соң олар көп құдайларға табынушылықты жойды. Тиым салды. Содан көп құдайшылық жайлаған кезде өмір сүрген көне грек оқымыстыларының шығармалары да оқылмады. Христиан діні оны да жойды. Өйткені христиан діні, яғни католиктер монотеистік дінді ұстанды, яғни ол ислам сияқты бір құдайға ғана құлшылық етті. Ал Әбу Насыр әл-Фараби болса көне грек оқымыстыларының шығармаларын қайта тірілті. Олардың еңбектерін араб тіліне аудару арқылы, соңыра ол дүниелер латын тіліне де тәржімаланды. Бірте-бірте ол әр Еуропаға жайылды, танылды деген сияқты бірқатар мәселелер сөз болды.

Конференцияның негізі тақырыбы халықтардың көші-қоны, Еуропаға қоныстану мәселесі еді. Еуропаның Испания, Англия, Франция, Италия, Грекия, Португалия, Австрия, Германия сияқты т.б. елдерінен келген оқымыстылар негізінен осы мәселелер жайлы сөз етті. Өйткені қазір Африка елдеріндегі аштық, жалаңаштық, ауру-сырқауға байланысты олардың халқының Еуропаға қоныс аударуы көбейіп барады. Олар ішкері жұрттардан Солтүстік Африка елдеріне жеткен соң кішігірім кемелерге отырып, Италияға жетуді көздейді. Италия арқылы өзге елдерге қоныс аудармақ. Осы үрдіс бірте-бірте көбеюде. Жолай кемелері аударылып, ажал құшып жатқандар да аз емес. Сондай-ақ Еуропа елдері де оларды құшақ жая қарсы алып жатқан жоқ. Еуропа ғалымдарының көпшілігі осы мәселелерді қозғай отырып, жалпы көші-қонға түсіністікпен қарау керек деген ойға ойысты.

Менің тақырыбым «Орта Азиядағы көші-қонның рөлі» болатын. Мен де ерте замандарда болған көші-қон, Атилла, хундардың көшіп-